




**«Қазақ көгіндегі шамшырақ»
ұлы ағартушы ұстаз**

**Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы
библиографиялық құрал
/жаднама /**



Қазақ әдебиетінің
атасы,

Ұлы педагог, жазушы

(1841-1889)

1841 жылы Торғай
жерінде дүниеге келген

Ыбырай

Алтынсарин

Ата-
анасынан
жастайынан
қалған

Атасы Балқожа
бидің тәрбиесінде
болған

Торғайда, Қостанайда
мектеп, училище,
лицей-интернант
ашқан

Ұлттың ұлы ұстазы



Ыбырай 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келеді. Үш-төрт жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожаның қолында өсіп, тәрбиеленеді. Қыпшақ тайпасының ұзын руынан шыққан. Атасы Балғожа би өз аймағының атақты кісілерінің бірі болған. Ел ішіндегі көп билікті қолында ұстаған би, Орынбор әкімшілігінің алдында да беделді, белгілі кісі болған. Замана бет алысын өзінше болжаған Балғожа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Бидің ондағы мақсаты, әрине, немересінің бала оқытып, педагог болуы емес, әкімшілік орындарда жұмыс істеп, шенеунік, орысша оқыған "төре" болып шығуы, ата-анасын асырауы. Балғожа бұл ойын Орынборда оқып жүрген жасөспірім Ыбырайға жолдаған өлең-хатында былайша білдірген:

Үміт еткен көзімнің нұры – балам,
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

Әлгі мектеп ақыры 1850 жылы ашылады да, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай болады. Ыбырай мектепте сабақты ынта қойып оқиды, 1857 жылы оқуын "өте жақсы" деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады. Қалада оқып, қазақ даласына беймәлім жаңалықтардан хабардар болып, ой-өрісі кеңейген зерделі бозбаланың екі жылдай елде болуы – қазақ қоғамының жағдайын тереңірек түсініп, жаңаша сезінуіне, өзіндік ойға келуіне мүмкіндік береді. 1859 жылы Ыбырай Алтынсарин атасының жақсы танысы, сыйлас кісісі – Орынбордағы Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы белгілі ғалым, профессор В.В.Григорьевпен жақын танысады. Ол Ыбырайға қамқорлықпен қарап, оған өзінің бай кітапханасын еркін пайдалануына жағдай жасайды. Ыбырай Григорьевтің кітапханасынан орыс жазушыларының шығармаларын, орыс және дүние жүзі ағартушы-педагогтерінің еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі жайындағы кітаптарды алып, бас алмай оқыған. Мерзімдік басылымдарды оқып тұрған. Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын

молайта келе, Ыбырай өзінің алдына тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалырақ басқа бір қызмет істеуді мақсат етіп қояды. Оның ынтасы ағартушылыққа ауады. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады. Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. "Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім", – деп жазады, ол белгілі шығыстанушы, профессор Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында. Ыбырай мектептегі сабақ пен тәрбие жұмысын сол кездегі орыс мектептері үлгісінде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, ол балаларға орыс тілін үйретуге, пән негіздерінен білім беруге тырысады. Тәрбие жұмысын адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді. Ыбырай мәдениет пен білім жолына халқының өте ынталы екенін жақсы ұғады. Бұл оны жігерлендіре түседі. "Қазақтар мені құшағын жая қарсы алды. Мектепке балаларын беруге ынталы адамдар толып жатыр", – деп жазады ол бір хатында. Ыбырай Н.И.Ильминскийге жазған әлгі хатында тағы да былай дейді: "Қазақ даласын үш жылдай аралаған Сіздің қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық дейтініңізге мен сенемін. Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз". Туған халқы туралы мұндай ой Ыбырайдың демократтық көзқарасына негіз болды және оны сеніммен жұмыс істеуге шабыттандырды. Сонымен бірге Ыбырай ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздікті де көре білді. Әкімдердің зорлықшыл сорақы қылықтарын сынға алды. Олардан қарапайым халықты қорғады. "Қызмет бабында мен қазақтармен жиі-жиі ұстасып қаламын, – деп жазды ол 1864 жылы Ильминскийге, олардың ішінде менің өз туысқандарым да бар. Олардың сырын жақсы білемін, көбін тіпті жек көремін, қазақ арасындағы қызмет адамдарын да көңілім тіпті сүймейді. Олар кедей қазақтарды – қарсылық көрсете алмай, қасқырдың аузында жем болатын қорғансыз момындарды – адамшылықтың шегінен шыға, арсыздықпен тонайды, талайды. Соларды көргенде... өте қатты күйінемін... Осы елдің күшті жемқорларының бірі өздерінің істеп жүрген істерін менің жақтырмайтынымды біліп қалды... Сондықтан ол мені бұл арадан қуып жіберудің амалын істеп жүр". Ыбырайдың ағартушылық, демократтық көзқарастары осылайша қалыптасып, дамыды. Қоғамдық әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін, ол ел ішінде білім, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұғады. Сол ниетпен бар күш-жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды. 1876 жылы Ыбырай Петербург, Қазан қалаларына барады. Орыстың ағартушылық жүйесін, орыс ағартушы дарының еңбектерін зерттейді. Қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлайды. 1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына жол ашады. Ол еуропалық үлгідегі мектептер ашу ісімен шұғылданады. 1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашады. 1883 жылы

Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылды. Ол қазақ даласындағы техникалық білім беретін тұңғыш оқу орны болды. Ыбырай қазақ қыздарын оқыту ісіне ерекше көңіл бөледі. Бұған ескішіл әдет-салттарға қарсы күрестің бір жолы есебінде қарайды. 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастыруы – оның




Ы. Алтынсариннің алғаш ашқан мектебі






Ыбырай Алтынсариннің мұралары



Ыбырай Алтынсарин мектебінің қазақ балалары



Ыбырай Алтынсарин оқушыларымен



ағартушылық аса зор еңбегі. Қазақ даласында мектептер санының артуына байланысты Ыбырай мұғалімдер даярлайтын мектеп ашуды қолға алды. 1881 жылы Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды. Ыбырай мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. "Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, – деп жазды ол. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды". Ыбырай туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен жүргізді. 1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында ол: "Қазақтарға – осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа – кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен де аса қажет болып отыр", – деп жазды. Осы жолда Ыбырай көп қиыншылықтар да кездестірді. Ел ішіндегі ескішілдік, паракорлық пен өсек-аяң оның жанын күйзелтті. "Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі бар жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек" деп санады. Мәдениетті де талантты педагог-жазушы әрі мінезге бай, адамгершілік, жолдастық қасиеті мол Ыбырай орыс зиялыларының арасында мейлінше беделді, сыйлы болған. Оқулық жасау жолында оқулыққа Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Ыбырай балаларды мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды... қазақтың өз тілінде... басып шығару керек деп білді. Өзі 1876 жылдан бастап "Қазақ хрестоматиясын" жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды. "Бұл кітапты құрастырғанда мен, – деп жазды. Ыбырай хрестоматиясының алғы сөзінде, – біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім". "Қазақ хрестоматиясы" балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырылды. Олардың бірқатарын өзі жазды, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан еркін аударып алды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін де іріктеп кіргізді.

Ұлы ұстаз жаққан шамшырақ

Ыбырай "Қазақ хрестоматиясына" кірген өлеңдерінде де халық-ағарту идеясын көтерді. Оның "Кел, балалар, оқылық!", "Өнер-білім бар жұрттар" өлеңдері осындай мақсатта туған. "Кел, балалар, оқылық!" өлеңі жастарды оқуға, білім алуға шақырады:

Оқысаңдар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Өлеңнің әр шумағында оқудың әр жақты пайдасын айта отырып, ақын соңғы жолдарды ылғи қайталап отырады.

Мал, дәулеттің байлығы –
Бір жұтасаң, жоқ болар.
Оқымыстың байлығы—
Күннен күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.

Сөйтіп, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ыбырай "Өнер-білім бар жұрттар" атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету.

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып, жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
...Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай.

Ыбырай жастардың оқыған адам болғандағы мақсаты өз халқының бір керегіне жарау, оны "тастан сарай салдырып, айшылық алыс жерлерден көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын" елдердің қатарына жеткізу деп білді. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты.

Біз надан боп өсірдік,
Иектегі сақалды.
"Өнер – жігіт көркі" деп,
Ескермедік мақалды.
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды! – деп, жеткіншек ұрпаққа сенім

артады.

Бұл өлеңдердегі: жақсы мен жаманды, білімділік пен надандықты салыстыра суреттеу әдісі де жас балаларға оларды айқынырақ таныту мақсатын көздейді. Сондықтан Ыбырай өз дәуірі оқырмандарының ұғымына жеңіл етіп, салыстырулар жасайды. Бұл өлеңдердің көп тіркестері бүгінде мақал-мәтелге

айналып кетті. Ыбырайдың "Өзен", "Жаз" деген өлеңдері табиғат көріністерін суреттеуге арналған. Мұндай тұтас лирикалық, пейзаждық өлеңдер Ыбырайға дейінгі қазақ поэзиясында кездеспейді. Оқырмандардың көңілін табиғаттың сұлу көріністеріне аудару арқылы ел сүю, жер сүю, Отан сүйуге тәрбиелейтін патриоттық өлеңдер орыстың демократтық, гуманистік әдебиетінің үлгісі болатын. Ыбырай өлеңдері – туған ел табиғатын жырлап, сол арқылы өзінің жас шәкірттерінің бойында табиғатты, Отанды сүю сезімдерін тәрбиелеуге жасаған елеулі қадамы. Екі өлеңінде де Ыбырай табиғат көрінісін жалаң алмай, адамдардың тіршілігімен байланыстыра көрсетеді. Сол арқылы табиғат пен адамның байланысын, табиғаттың адам ісіне, еңбекке, ой-сезіміне тигізер жанды әсерін бейнелейді.

Таулардан өзен ағып сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.
Көңілің суын ішсең, ашылады,
Денеңде бар дертінді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар,
Өзеннен рақат тауып, басылады.

Ақын тау өзенін нақты әрі әсерлі суреттеген. Бүкіл тіршіліктің "өзеннен рақат тауып" жатқанын нақты сипаттау оқырман көңіліне жағымды сезім ұялатады. "Жаз" өлеңінде көктемгі табиғаттың келісті суреттері бар. "Ұшпақтың күн сәулесі жерге түсіп", "Аспаннан рақымменен күн төнгенде", "Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша, жайқалып шыға келер жердің гүлі", "Кеш болса, күн қонады таудан асып, шапаққа қызыл алтын нұрын шашып", т.б. суреттер мен бейнелі сөздер Ыбырайдың табиғат көріністерін сезінуінің тереңдігін, суреткерлігін көрсетеді. Ақын бар тіршілікті көктем күнінің мейірімді шағымен байланыста бейнелейді. Қырдағы жаз көріністеріне сүйсіну, мал баққан елдің қыстан қысылып шығып, жазда тынысының кеңуі, қуаныш-шаттығы көңілді әсерге бөлейді.

Бір малы шаруаның екеу болып,
Қыстаудан ауыл көшер алуан-алуан.
Күлісіп, құшақтасар, әзіл етер,
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған.
Жүгіріп киік, құлан тау мен қырда,
Қуанып ықыласпен келген жылға...
Алыстан мұнарланған сағымдары

Шақырып, тұрар күліп: "Кел, – деп, – мұнда..." Бұл өлеңдер арқылы Ыбырай қазақтың жазба әдебиетінде табиғат лирикасын бастады. Оны кейін Абай әлемдік поэзияның биік деңгейіне жеткізді: Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш" әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін

тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. "Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа", – дейді. "Атымтай жомарт" әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ болса да, Атымтай ылғи жұмыс істейді. "Күн сайын өз бейнетіммен, тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады", – дейді ол. "Әке мен бала" әңгімесінде мынадай бір жай сөз болады. "Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған бір ескі тағаны көріп, баласына айтты: "Анау тағаны, балам, ала жүр", – деп. Бала әкесіне: "Сынып қалған ескі тағаны не қылайын", – деді. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі кайырылып, тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан 3 тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, одан біраз өткен соң және бір шие, сонымен, бала әрбір шие тастаған жерге бір еңкейіп, шие теріп жеді. Ең соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып: "Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Бұдан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың", – деді. Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, аз жұмысты қиынсынып, бойкүйездікке салынушылық өмірде аз кездеспейді. Бұл – жақсы әдет емес. Сондықтан балалардың бойкүйез, жалқау болмауына, еңбекқор болуына Ыбырай ерекше мән берген. "Бай баласы мен жарлы баласы" атты әңгімесінде Ыбырай еңбекке деген қоғамдық, таптық көзқарасты бейнелейді. Көшкен елдің жұртында қалған екі баланың бір тәулік ішінде басынан кешкендерін суреттеу арқылы сол балалардың өмір тануы, тіршілікке икемділігі жайлы мәселеге әлеуметтік мән береді. Жазушының шығармаға жасы құрбы екі баланы алып, оларды бай мен кедейдің өкілі етіп суреттеуінің сыры да оның идеясынан айқын көрінеді. Жарлы баласы Үсен – тұрмыстың ауыртпалығын көре жүріп, ысылған еңбек адамы. Ауылдары көшіп кетіп, жұртта қалған екі баланың далада тамақ тауып жеуіне, ауылдың қалай қарай көшкенін аңғаруына, түнде далада түнегенде ит-құстан сақтануына Үсеннің тапқырлығы мен еңбекқұмарлығы себеп болады. Ал бай баласы Асан – өмір үшін күресудің жолын білмейтін, шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жан. Кісі еңбегімен күн көріп, бейқам болып өскен бай баласының басына күн туғандағы дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы келешек Үсендер жағында екенін аңғартады. Сөйтіп, жастарға өмірден еш нәрсе үйренбей, жалқау болып өскен бай баласындай болмай, қиыншылыққа төзімді, өнерге бейім, еңбек сүйгіш жарлы баласы Үсендей болып өсуді уағыздады. "Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. "Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неліктен кисық біткен"? – деп сұрады

баласы. "Ата-анаңның тілін алсаң, ана ағаштай сен түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып, бағусыз өсерсің. Мынау ағаш – бағусыз өз қалпымен ескен", – деді атасы. "Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой", – деді баласы. "Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің", – деді. Ыбырай "Бақша ағаштары" атты әңгімесінде осылай деп жазды. Яғни тәрбиенің үлкен рөл атқаратынын көрсеткен. Соның бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы алға баспаған болар еді. "Талапты ерге нұр жауар" деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған. Жастық шақ – жігер-қайраттың мол кезі, бойдағы жақсы қасиеттерді жарыққа шығарып қалатын кез, ол үшін талап керек. Талаптан да, өмірден керегінді ал. "Талаптың пайдасы" деген әңгімесінде Ыбырай сол идеяны көтереді. І Петр патша шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, арт жақта бір баланың сурет салып тұрғанын көріп, қасына келіп, не салып жатқанын сұрағанда бала: "Сіздің суретіңізді салып жатырмын!" – дейді. Петр суретті көрсе, мәз еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенің аңғарып, сурет салатын оқуға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады. азушының бұл арадағы көздегені - жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткенін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу. Мейірімділік баланың отбасына деген махаббатынан басталады. Әркім алдымен өз ата-анасын, туғандарын жақсы көреді, сыйлайды. Ыбырай ата-ана мен бала арасындағы осындай жылы қарым-қатынасқа ерекше мән береді. "Мейірімді бала" әңгімесінде 13 жасар қыздың әкесінің орнына, өз қолын кесуді сұрағанын жазады. Қыз: "Тақсыр, жұмыс істеп, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз", – дейді. Жазушы "Аурудан аяған күштірек" деген әңгімесінде аяғы сынған Сейіт деген бала, ауруы қанша батса да, анасын қиналтпау үшін қабақ шытпағандығы айтылады. "Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көріп, әжем де қиналып, жыламасын деп жатырмын", – дейді ол. Алғашқы әңгімедегі қыз да, соңғы әңгімедегі Сейіт те шын мәніндегі мейірімді қылықтарымен ерекшеленеді, мұның негізінде жалпы адамды сүйетін жақсы сезімдер жатыр.

Ы. Алтынсариннің шығармалар тізімі:

Азған елдің хандары

Балғожә бидің баласына жазған хаты

Жаз

Кел, балалар, оқылық

Қарлығаш

Қарға мен түлкі

Әй, достарым

Әй, жігіттер

Өзен

Өнер - білім бар жұрттар

Өсиет өлеңдер

Әңгімелер

Ізбасты

Айуанның естесі көп бірақ адамдай

толық ақылы жоқ

Алтын -айдыр

Алтын шеттеуік

Асыл шөп
Ақымақ дос
Білгеннің пайдасы
Бір уыс мақта
Бай баласы мен жарлы баласы
Байұлы
Баланың айласы
Бақша ағаштары
Данышпан қазы
Дүние қалай етсең табылады
Жаман жолдас
Жамандыққа жақсылық
Жан-жануарлардың дауласқаны
Жиренше шешен
Жомарт
Жәнібек батыр
Зеректік
Киіз үй мен ағаш үй
Лұқпан әкім
Малды пайдаға жарату
Мейірімді бала
Мұжық пен жасауыл
Мұңсыз адам
Надандық
Оқудағы балалардың үйішіне
жазған хаты

Петр патшаның тергелгені
Полкан деген ит
Салақтық
Сараңдық пен жинақтылық
Сауысқан мен қарға
Сақып
Силинші деген ханым
Сәтемір хан
Таза бұлақ
Талаптың пайдасы
Тышқанның өсиеті
Түлкі мен ешкі
Тәкәпәрілік
Шеше мен бала
Қанағат
Қарға мен құрт
Қыпшақ Сейітұлы
Үнді
Үш ұры
Әділдік
Әдеп
Әке мен бала
Әлім кісі
Өрмекиі, құмырсқа, қарлығаш
Өтіріктің залалы

Ыбырай Алтынсарин – нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Ыбырай жасаған оқулық ең алдымен, орыстың қала берді Еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдіс – тәсілдеріне негізделіп жасалды, бірақ ұстаз оларды талғам-талдаусыз, сол күйінше ала салған жоқ керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының түсінік -танымына сәйкес етіп алды, өзі де осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып қарастырған хрестоматиясына қосты. Сөйтіп, ұлы ағартушы – ұстаз халқымызды білім бұлағынан сусындатып, өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға бойындағы

бар күш-қуатын, білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тыңнан жол салып, соған бүкіл саналы өмірін арнады. Ыбырай ауыл шаруашылық, қолөнер мектептерін ұйымдастырады. Ол қазақ жерінде алғаш қыздар мектебін ашқан.

Ыбырай Алтынсарин – ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де өзі өмір сүрген заманы мен өмірінде қазақ балаларына “Кел, балалар, оқылық” деп жар салудан тынбаған, сол арқылы қазақ балаларының надандық қамытын киюіне жол бермеген бірден-бір тұлға болып қала бермек. Оның осы қанатты сөздері әлі де өз күшін жойған емес. Сондықтан, Ыбырай атамыздың ісін жалғастыратын, арманын орындайтын біздер үшін осы жолдан өту үлкен құрмет және зор міндет.

Ыбырай (шын аты Ибраһим) Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда Қостанай қаласындағы Затобол ауданында дүниеге келген. Ыбырай үш жасқа келгенде әкесі Алтынсары қайтыс болады. Оны Кенесары шапқыншылығында өлтіріп кетеді. Ыбырайды әкесінің досы Жетібай Өтемісұлы құтқарып қалады. Әкесі қайтыс болғаннан кейін тәлім-тәрбиені атасы Балғожа биден алады. 1846 жылы Балғожа би Орынбордағы Шекара комиссиясы жанынан ашылатын мектепке Ыбырайды жаздырып қояды. 1850 жылы 22-тамызда сол мектепке Ыбырай алғашқы 30 баланың бірі болып қабылданады. Ол уақытын жан-жақты білім алуға ерекше ынтамен кіріседі.

Балғожа Жаңбыршин жүзбасы, Қыпшақ руының ұзын тармағын басқарған Торғай, Тобыл және Аят өзендері аралығында көшіп қонған Орынбор шекара комиссиясының пікірінше, ол «адамдарды басқару жағынан да, жалпы орда істері жөнінен де өз руластары алдында өте беделді болған.

Ол ұзақ уақыт Орынбордағы погран (шекара) комиссиясы қол астында, қыпшақ старшина болып қызмет істеген, патша үкіметінен шен-шекпен алған ірі феодалдың бірі, яғни белгілі би, ірі бай болған кісі.

Балғожа би немересі Ыбырайды жасынан-ақ адалдыққа, тапқырлыққа, турашылдыққа, шешендікке баулыған. Өзімен бірге жиын-тойларға алып жүріп, билік айтқызып, қанатын қатайтқан. Ыбырай жасынан зерек болып, атасын жерге қаратпай, алғырлық танытып, көпшілік құрметіне бөленеді. Оның бұл турашылдық шешендік қасиеттері Торғайда сот істерін жүргізген кездерінде айқындала түседі.

«Іздегенге сұраған» дегендей, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша үкіметі қазақ даласын бағындырудың, билеп-төстеудің тағы бір жаңа әдісін қолдана бастады: қазақ балаларына арнап мектептер ашуға кірісті. Сонымен бұл мектеп 1850 жылы 22 тамыз күні Орынбор қаласында ашылды. Оған қазақтың 30 баласы алынды, солардың бірі 9 жасар Ыбырай болды.

Ыбырайдың нағашылары – елін, жерін жатжерлік басқыншылардан қорғауға белсене қатысқан, әскери «Тархан» атағын қазақта тұңғыш алған асқан батыр, мәмілегер Жәнібек Қошқарұлының ұрпақтары. Жәнібектің тұңғышы Дәуітбай әкесі сияқты жау жүрек, хас батыр болған адам. Жәнібек қайтыс болғаннан кейін соғыс министрлігі алқасының 1759 жылғы жарлығымен «Тархан» атағы Дәуітбайға көшіріледі. Дәуітбайдан 9 бала,

солардың бірі – Мұса, Мұсадан- Шеген. Шегеннен жеті ұл, екі қыз туады. Сол қыздың бірі – Айман Ыбырайдың анасы еді.

Ыбырай 1864 жылы Сырдария облысы (қазіргі Қызылорда облысы) Перовский уезіне қарасты Жаппас руындағы Шолақ деген кісінің Айғаныс атты қызына үйленеді. Айғаныс өзі оқымаған адам болғанмен, Ыбырайдың шығармашылық жұмысына барлық уақытта да жағдай жасап отырды.

Ыбырайдың жанұясында көпке дейін бала болмайды, сондықтан ол қазақ арасында жиі кездесетін салт бойынша інісі Оспанның Хамитбек деген баласын алып тәрбиелейді. (ол алты жасында қайтыс болады).

Ыбырайдың тұңғыш баласы Абдолла 1880 жылы дүниеге келеді. 1887 жылы Әбдірахман деген екінші ұлы, 1888 жылы Шарипа атты қызы туды. Балалары Әбдірахман мен Шарипа жас кезінде ауырып қайтыс болады.

Әкесінен жастай қалған Абдолла ұзақ уақыт оқи алмай, шаруашылықпен айналысады.

Нағима Абдоллақызы — Ыбырай Алтынсариннің жалғыз немере қызы. Нағима атасын көрмесе де, 1924 жылы қайтыс болған Айғаныстың көзін көріп өскен.

Нағима Ыбыраева 1916 жылы Қостанай облысы Талапкер ауылында дүниеге келді. Нағима бала кезінде атасы Ыбырай ашқан Қостанайдағы мектепте үш жыл оқиды. 11 жасында анадан айырылады.

1920-1930 жылдардағы дүрбелеңнен ұлы Ыбырайдың ұрпақтары да байдың тұқымдары ретінде қуғындалған. 1928 жылы Нағиманың әкесі Абдолла да кәмпескеге ұшырап, Қазақстаннан тыс жерге қоныс аударған. Ол Қырғызстанның Токмақ қаласында тұрды. Абдолланың өкпесіне суық тиіп Қошанның немересі Нұрахметтің қолында қайтыс болған. Жамбыл облысы Қордайдағы зиратқа жерленген.

Қырғызстанда Ыбыраева Нағима тұрмысқа шығып, күйеуі соғыста қаза табады. Бірнеше жылдан кейін Нағима Аманкелдиев Байдабек деген кісіге қосылып, 2 баланы дүниеге әкеледі: Жұмакүл мен Дулат. 1959 жылы ол Қырғыз еліне Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы «Жамбыл» атындағы совхозға көшіп келеді. Өмірінің соңғы жылдарын Тараз қаласында өткізді.

1998 жылы 30 наурыз күні 82 жасында қайтыс болды.

Ұлы ағартушының қызметі

1857 жылы жазда мектепті үздік бітіреді, осыдан кейін екі жылдай атасының хатшысы болып қызмет істейді. 1859 жылдың тамыз айының 1-нен бастап, Орынбор облысының басқармасына кіші тілмаш болып тағайындалады.

1860 жылы Орынбор өлкесінің басқару орыны Орынбор бекінісінен «Торғай қаласы» қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат алған Ыбырай Алтынсарин Торғай қаласына барады. Ондағы мақсаты мектеп ашу еді. Бірақ жергілікті органдардың жәрдемі жеткіліксіз болып, мектеп ашу ісі ұзаққа созылады.

Ыбырай Алтынсариннің армандаған мектебі 1864 жылы 8 қаңтарда бекіністің барша адамдарымен 200-ден астам сыйлы қазақтардың қатысуымен салтанатты түрде ашылады.

1866-1868 жылдары Ыбырай Алтынсарин Торғай уезінде уақытша судья болып істейді. 1868 жылы Торғайдағы қазақ мектебі бір класстық орыс-қазақ училищесі болып қайта құрылады. Сол жылы Ырғыз қаласында екі класстық орыс-қазақ училищесі ашылады.

1869 жылы уезд бастығының аға жәрдемшісі болып тағайындалады. 1871 жылдар аралығында Торғай уезінің судьясы болып жұмыс істейді.

1874 жылы Ыбырай Алтынсарин орыс географиялық қоғамына мүше болып сайланады. 1875 -1876 жылдарда Ыбырай Алтынсарин Қазан, Петербург қалаларына сапар шекті. Қыркүйек айларында Торғайға оралып, Орынбор, Қазан, Петербург қалаларынан қажет деген оқулық методикалық, т.б. кітаптарды мол әкеліп, жұмыстарына қызу кіріседі.

1879 жылы қыркүйек айының 1-ші жұлдызында Ыбырай Алтынсарин Торғай облысындағы мектептердің инспекторы болып тағайындалады.

1881 жылы қараша айында Бөрте болысында бір кластық орыс-қазақ училищесі ашылады. 1882 жылы Ыбырай Алтынсарин барлық мектептеріне ән-күй сабақтарын енгізеді. Жергілікті, ауқатты ел азаматтарынан ақша жинап, кітапхана ашады. 1883 жылы 15 қарашада Торғай қолөнер мектебін ашты.

1887 жылы 15 қарашада Ыбырай Алтынсарин Ырғыз қыздар училищесін ашады. 1888 жылы 28 қазанда қазақ қыздарына арналған 12 орындық мектеп интернат ашылды. Тамыздың 21-ші жұлдызында Қостанайда 1-ші кластық ер балалар үшін орыс мектебі ашылды.

Ыбырай Алтынсариннің оқулықтары

Ы.Алтынсарин демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер дасрлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді.

«Қазақ хрестоматиясының» дүниеге келуі

Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге амалсыздан татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен араб, парсы сөздеріне лық толған; сондықтан ол сауатсыз қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан олар осы жағынан алып қарағанда да дүниеяуи мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін, мысалы, орыс тіліне аудартып жаттықтыру үшін қолайсыз. Осылармен қабат бір ескертетін нәрсе — қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал болған жоқ. Жалпы бастауыш оқу құралдары, хрестоматиялар сияқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, күрделі оқу құралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық, сондықтан бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық.

Жоғарыда айтылған қолайсыздықтарды оқу ведомствосының көптеген білімді қайраткерлері бұрын да көрсетіп келген болатын, сондықтан мен сол білімді адамдардың ақылын алып, екінші жағынан, өзім де осылай етуді қажет деп тауып, осы хрестоматияны құрастыруға кірістім. Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім, екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болу жағын көздедім, сондықтан бұл кітапқа енгізген әңгімелерді тергенде көп қиыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды.

Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруды ойладым. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінді:

- 1) Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларын, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды, мысалдар мен халық әдебиеті, балалардың туғандарына жазған хаттары.
- 2) Әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3) Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4) Қазақтың мақал-мәтелдері.

Кел, балалар, оқылық!

«Бір Аллаға сиынып,

Мұнтаздай боп киініп,

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық

Оқысаңыз, балалар

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар!», – деп Ыбырай атамyz осы өлеңінде ақын оқу-білімнің пайдасы мен қараңғылықтың зиянын салыстыра отырып сипаттайды. Ғылым-білімнің басты жауы – қараңғылықтың мән – жайын ашып береді. Ақын мұнымен де қанағаттанбайды, сол оқудың үйдегі әке-шешенің үміт тілегімен ұштасып жататынын да әсерлі жеткізеді.

Ақын «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсатты аша түседі. Балғожа сықылдылардың бала оқытқандағы арманы «ата-ананы асырау» болса, Алтынсарин оқушылардың білімді адам болғандағы мақсат-міндеттері өз халқының бір керегіне асу, оның прогрестік жолмен ілгерілеуіне жетекшілік жасау, мәдениет жағынан салыстырғанда, басқалардан бірнеше ғасырлық кейін қалған өз елін, «Тастан сарай салдырып, айшылық алыс жолдардан, көзіңді ашып-жұмғанша хабар алдыратын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Радио, телеграф, телефон, самолет, электр, т.б. техника тетіктері қазақ тілінде көп тарламаса да, ақын сол сөздерді ұғындыруға тыңнан жол салып, үлкен шеберлік танытады. Оқып білім алудағы мақсат халықтың қажетіне жарау, өз елінді өркениетті елдер қатарына қосу деп түсіндіреді.

Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке шақырды. Былайынша айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуды насихаттап, жастарға дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынды. Сондықтан өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды.

Ыбырай- жазушы

Ы.Алтынсарин жазба әдебиетке тән проза жанрының да негізін қалады. Ол - тұңғыш рет балаларға арнап әңгіме жазған жазушы. Ыбырай әңгімелерінің басты ерекшелігі-жақсы мен жаманды салыстыра отырып әңгімелеу арқылы балалардың санасына ой салу, тәрбиелеу. Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш"

әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Ы.Алтынсариннің «Екі жолдас», «Бір уыс мақта», «Қисық ағаш», «Таза бұлақ», «Шеше мен бала», «Ақымақ дос», «Тазша бала», «Қыпшақ Сейтқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Талаптың пайдасы», «Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Байұлы», «Мейірімді бала», «Дүние қалай етсең табылады», «Жиренше шешен», «Бай мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Мақта қыз бен мысық» және т.б. әңгімелері бар.

Ыбырай -ғалым, этнограф

Ы.Алтынсарин этнография саласындағы еңбектері халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын қарастырады. Оның бірі өлген адамды жерлеу және оған ас беру, екіншісі құда түсу, қыз ұзату салттары туралы айтылады.

Лингвистика, тілтану саласында қазақ тілінің тазалығына зор мән берді.

Қазақтың әдеби тілі, оның қалыптасуы мен дамуы, ана тілінің тазалығы Ы.Алтынсариннің негізгі бағыты мен қызметі болып табылады.

Қазақтың әдеби тілі, оның қалыптасуы мен дамуы, ана тілінің тазалығы Ы.Алтынсариннің негізгі бағыты мен қызметі болып табылады.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеп, қазақтың жұмбақтары, дастандары, мақал-мәтелдері жөнінде ғылыми мақалалар жазды. «Қобыланды батыр», «Қара батыр», «Жәнібек батыр» эпостарынан, қазақ халқының тарихынан үзінділері баспа бетіне жариялады.

Ол Орыс географиялық қоғамы Орынбордағы бөлімінің толық мүшесі болды.

Қазақ халқының дарынды перзенті Ыбырай Алтынсарин аса күрделі тарихи кезеңде, патша үкіметі Шығыс халықтары арасында қатаң отарлау саясатын жүргізіп жатқан кезеңде өмір сүрді. Қазақ халқының тарихында Ыбырай Алтынсарин ерекше роль атқарады. Ол қазақтың тұңғыш педагогы, қазақ даласында бірінші рет мектеп ұйымдастырып, қазақ жастарына білімнің есігін ашты.

Ыбырай Алтынсарин өз халқын жан-тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш-жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот еді.

Білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапка сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Қазіргі өркениетті қазақ халқы не бәрі 48 жасында өмірден өткен Ыбырай атамyzды ұлы ұстаз, педагог, ғалым, ірі қоғам қайраткері деп бағалап құрмет тұтады.

Ыбырай Алтынсариннің жұмысы жастарды үш тілді игеруге, сауатты және жоғары білікті маман болуға шақыратын елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың үндеуімен үлеседі.

Ыбырай Алтынсарин – нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Алтынсарин – қазақтың жарық шамы

Алтынсарин – қазақтың жарық
шамы,
Ойлағаны аяулы халық қамы.
Жап-жасыл жайқалатын жапырағы,
Алтынсарин – елімнің алтын бағы.
Алтынсарин- мазмұнды өмір әні,
Үлгі болып алдыңнан жолығады.
Шырт ұйқыдан оятқан бабамызды
Алтынсарин – даланың қоңырауы.
Алтынсарин – ел үшін соққан жүрек,
Сезіп оның дүрсілін шаттанды көп.
Қалың қардың жібiткен мұз денесін
Алтынсарин – аңқылдақ алтын күрек.
Денесі оның Тобылдың жағасында,
Мүсіні тұр Қостанай қаласында.
Ыбырай бұлағының мөлдір суы
Шүпілдейді білімнің шарасында.
Сол сумен егін егіп, мал суардық,
Жыр жазып, дала жайлы ән
шығардық.
Сол сумен қаталаған шөлді басып,
Шығып тұр қазағымның дауысы
анық.
Сол судан мейірі қанып барлық
халық,
Өмірден өз орынын тапқаны анық.
Алтынсарин – ұлы ұстаз ұлағатты,
Алтынсарин – ұлтыма ұлы жарық.

Ақылбек Шаяхметов

Өнер - білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып - жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды;
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді;
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар
Бәрі - дағы анықтай,
Білмегенде танықтай;
Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай;
Ат өнері білінбес
Бәйгеге түсіп жарыспай;
Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз, қалыспай.
Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
Өнер – жігіт көркі деп
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ сіз барсыз,

Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.

Кел, балалар, оқылық

Бір құдайға сиынып
Кел, балалар, оқылық
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Істің болар қайыры
Бастасаңыз алдалап,
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Оқысаңыз , балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Мал дәулеттің байлығы,
Бір жұтасаң жоқ болар,
Оқымыстың байлығы,
Күннен- күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған..
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған..
Өнер- білім бәрі де
Оқуменен табылған.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Надандықтың белгісі -
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай
Ақ, қараны танымас.

Аяңшыл ат арымас,
Білім деген қарымас...
Жөн білмеген наданға
Қыдыр ата дарымас.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Оқу деген шыны - ды,
Тұрған сайын шыныққан...
Оқу білген адамдар
Май тамызған қылыштан...
Білмегенді білуге
Есті бала тырысқан,
Есер бала ұрысқан.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Әлпештеген ата - ана
Қартаятын күн болар.
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.
Ата - енең картайса -
Тіреу болар бұл оқу,
Қартайғанда мал тайса
Сүйеу болар бұл оқу.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Оқу білген таниды
Бір жаратқан құдайды,
Танымаған құдайды
Не ғылғанда ұнайды?
Шырағым абай болғай деп,
Ата - енең жылайды,
Баладан қайыр болмаса,
Баланы неге сұрайды.

Жаз

Сәуірде көтерілер рахмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар
жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы...
Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы.

Жақындар Құдайымның көктем күні,
Тең болар жарлықпенен күн мен
түні.
Аспаннан рақымменен күн төнгенде,
Қуанып қыбырлайды ыныс-жыны.
Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша,
Жайқалып шыға келер жердің гүлі.
Шапақтан бұлтты шығар мұнарланып,
Жаңбырлы күндер түсер
тұманданып.
Адамзат нәр ауасын судай жұтар,
Шөл тартқан айуандарша
құмарланып.
Жетпеген үлкендікке жас балалар
Жүгірер ойдан-қырға жұмарланып...
Сәуірде алуан-алуан жауар нөсер,
Нөсердің құатымен жер шөбі өсер.
Көкорай дүние жүзі шалғын болып...
Жан, айуан, адамзат бауырын төсер.
Жан-жәндік рахат тауып тұру үшін
Ұшпақтан хош иісті желдер есер.
Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен,
Құдайым дәрмен бол деп етер
пәрмен.
Бір малы шаруаның екеу болып,
Қыстаудан ел шығады алуан-алуан.
Күлісіп, құшақтасып әзіл етер,
Әйелдер көш жөнелтіп кейін қалған...
Жүгірер киік, құлан тау мен қырда,
Қуанып ықыласпен келген жылға.
Алыстан мұнарланған сағымдары
Шақырып тұрар күліп кел деп мұнда.

Азған елдің хандары

Азған елдің хандары,
Тақ үстінде отырғандары.
Жарлыдан алып байларға,
Сыйлар берсе керек - ті.
Азған елдің қожасы,
Қыдырып келер есікке.
Бұл үйде кім бар екен деп,
Көзін салар тесікке.
Балаларын бастырып,
Қатындарын састырып,

Төрге қарай ұмтылып,
Тамақ үшін қылғынып,
Дуа қылса керек - ті.
Азған елдің молдасы,
Үлкен болар сәлдесі.
Аса бауыр қылмаңыз,
Оның рас емес олдасы.
Көрмей - білмей біреуге,
Куәлік берсе керекті.
Азған елдің биінің,
Барар болсаң алдына.
Алым берсең тамағына,
Қарар ма ол сенің әліңе?
Қорадағы малыңа,
Төре берсе керек - ті.
Азған елдің байлары,
Ұлық тұтар басын - ай.
Қайда дәулетті адам болса,
Берер соған асын - ай.
Көзін сүзіп бір кәріп,
Төгіп келсе жасын - ай,
Бермек түгел, бейшараны
Масқара қылса керек - ті.
Береке кеткен елдерде
Күн қысқарса керек - ті.
Алатаудай атаға,
Ұл қышқырса керек - ті.
Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Аялы қолда талпытқан,
Қаймақты сүттей қалқытқан
Суық болса жөргектеп,
Қорғасын оқтай балқытқан.
Айналасына ас қойып,
Айдынды көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Иісін жұпар аңқытқан.
Сондай сорлы анаға,
Қыз қышқырса керек - ті.
Азған елдің адамына
Айтсаң тілінді алмаған.
Кетсе шарлап жия алмағай.
Бір Тәңірдей ұялмағай,

«Бүгін тоба қылайын.
Қашан тоба қылғанымша.
Үзіп - жұлқып алайын», - деп,
Өлшеп берген өмірін
Зия қылса керек - ті...

Өзен

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.
Көңілің суын ішсең ашылады,
Денеңде бар дертінді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлар да
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...
Он мың мал айдап өтсең лай
қалмайды,
Тасыса су бармаған сай қалмайды.
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шығып шөп бітпеген жай
қалмайды.
Ел қыстап күн көреді жаныбында,
Дәм болар алуан - алуан балығында...
Тас таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында.
Құдіретін құдайымның көресін бе?
Не нәжіс тоқтар өзен денесінде...
Арыстан демалуға суға кірсе,
Балықтар шымшып ойнар терісіне...

Әй, жігіттер

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз,
Азған елдің ішінен.
Алыс - алыс қашыңыздар,
Зияндасты кісіден.
Жақсыны көзбен салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.
Өзі болған ерлердің,
Аяғынан алмаңыздар.
Әр елге, әр жұртқа алтын сақа
табылмас.

Бас ауырса бақсыларды
Алып келіп бақтырарсың.
Жазықсыз жануарды сойып,
Өкпеменен қақтырырсың.
Жын - бәлекет қашады деп,
Тұмар алып тақтырарсың.
Білмес надан еткен істен.

Ешбір қайыр табылмас.
Алған жарың жаман болса,
Бір Тәңірге көп налырсың.
Жарым сондай болса екен деп,
Көрінгенге көз саларсың.
Өз елде маңдайыңа нені жазса соны
аларсың.
Бәріңізге қасы қара, қызыл жүзді
табылмас.
Катының өлсе қарыс ұрып қаларсың.
Аны - мұны қармалап,
Және біреуді аларсың.
Бір кеткен соң қамқор әке - шешең
табылмас.

Ананың сүйюі

Кім сендерді, балалар,
сүйетұғын, ана, бала,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа
күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік
қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сендерді, балалар, тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін.
Жалқау болсаң, балалар, жаман
болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке
кетсең,
Ұмытпа, ең кемінде жұлдыз сайын,
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгеніңше,

Құлындарын көзімен көргенінше,
Сендер қайтып келгенде адам болып,
Еш арманым болмас ед өле-өлгенше

Өсиет өлеңдер

Жаратты неше алуан жұрт бір
Құдайым,
Тең етті бәрімізге күн мен айын.
Адамның адам біткен баласымыз,
Қайсың бөлек тудың деп айырайын,
Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер бір - біріңе қарасыңыз.
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз.
Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт
өткен.
Патша боп бұл дүниеге даңқы
кеткен.
Отыз ұлым бар ғой деп көптік ойлап,
Құдайым отызын да әлек еткен...
Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,
Өзінің бенде екенін сонда біліп,
Мұнан соң тақ Сүлеймен туды дейді,
Отыз ұлға бір өзін жора қылып.
Ескендір патша болып дүниені алған,
Қалмаған бұл жалғанда ешбір арман.
Жалғыз - ақ өлмеске айла табамын
деп,
Ізденіп мәңгі суын соған барған.
Мәңгіден су ішкенге өлім болмас,
Ескендір мұны сұрап білгені рас.
Су әпкел деп жіберді уәзірлерін,
Уәзірі қасындағы Қыдыр Ильяс.
Екеуі барды суға, судан ішті,
Бір кесе патша үшін және алысты.
Енді қайтіп, жүрелік деп тұрғанда,
Бір адамға сол жерде көзі түсті.
Сұрасты мұнда отырған неткен
жансыз,
Қарасақ келбетіңе мұсылмансыз?
Сонда ол кісі өз жайын баян етті:
Мен - дағы бір патша едім еш
күмәнсіз.
Өлмеске мен де осындай талап еттім,
Бір күні осы суға келіп жеттім.

Әрбір іс уақытында қызық екен.
Ақыры өз басыма азап еттім.
Бір заман әлек болды барша елім,
Қалмады қыдырмаған ешбір жерім.
Кемдіктің неше түрлі бәрін көріп.
Ах енді өлім болса маған дедім.
Дүниені неше айналып неше кездім,
Өз жаным мен денемнен өзім бездім.
Маған өлім бермеді құдай тағала,
Енді тастап дүниені мұнда келдім.
Ах, деді Қыдыр Ильяс қайтып келді,
Сонда да кеседегі суын берді.
Ішейін деп Ескендір ұмтылғанда,
Су Ескендір аузына бармады енді.
Тағында тақ Сүлеймен нағылмады,
Өмірін соңындағы шағындады.
Нушеруан діні кәпір әділ өтті,
Дозаққа соның үшін жағылмады.
Бұзбаңыз әділдікті бұл мал үшін,
Жиясыз оны - дағы бір жан үшін.
Өзәзіл періштенің бастығы екен,
Не болды тәкәппарлық қылған үшін?
Аюпты сегіз жылдай мың құрт жеді,
Болыпты бөлек - бөлек соның тәні...
Мал-жаннан, ру, туған бәрі беріп ,
Далада жалғыз жатып «Алла» деді.
Малды алды, баланы алды сабыр
етті,
Дұшпандар мысқыл атып жәбір етті.
Разымын не берсең де Құдайым деп,
Бәрін де қабақ шытпай қабыл етті.
Қорлама кем адамды, болсаң дана,
Кәріпті құдай сүйсе не еді шара?
Ер болған сиыр бағып Зеңгібаба,
Пір болды түйешіден Ойсылқара.
Ұмытпа бай болдым деп бір құдайды,
Жер жұтқан қайырсыздан
Қарынбайды.
Мекенін білемісіз қайда қалды?
Жомарттық қылған үшін Атымтайды.
Иманды ер құдайынан ұялады,
Ұялып иесінен сый алады...
Ренжітпе пенде болсаң бейшараны,
Кәріп көңілі бір сыңғақ биялады...
Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен,
Кете бер кесе басың шындықпенен.

Қорек тап бейнеттен де тәңірің
жәрдем,
Телмірме бір адамға мұңдықпенен.
Адамға бір өзіндей көзің сүзбе,
Бір әділ қазнасы кең патшанды ізде.
Қорексіз еш бендесін қалдырмайды,
Жаратқан бір тәңіріңнен күдер үзбе.
Мақтанба бақыттымын деп
бағаңызға,
Қартаймақ қиын сауда тығыңызда.
Іске аспай бақ дәулеттің қалуы оңай,
Басыңнан бағың тайған шағаңызда.
Мақтанба сұлумын деп ажарыңа,
Ажарсыз адамдарды ал назарыңа.
Зылиха, Жүсіппенен сұлу өткен,
Тұрмаған ажар ара ажалына.
Жүйрікте болмайды көрік
сыналмаған...
Бақ тайса ерге құралмаған...
Меңзеген асқар тауға есіл көңіл,
Дүниеде ешнәрседен танылмаған.
Арық мал жан жолатпас бір
жалданса.
Пенде ойлар кемімен деп бір
малданса.
Қадамы әзіз ердің ұзамайды,
Жігітке бақыт шіркін сырт айналса.
Ағайын жат болады алыс болса,
Болады ат та жақын таныс болса.

Достарың дұшпан түгіл табылмайды,
Аяғың бір нәрседе шалыс болса.
Асылы залымдардың лайланды,
Дүниені маған десең шыр айналды.
Ит үрер жақсыға да, жаманға да,
Қылмағы бірақ залал құдайдан - ды.

Қарға мен түлкі

Ашылып түлкі жүрді жапандарда,
Тамақ іздеп жол шекті сапарларға...
Ешнәрсені көре алмай келе жатса,
Көзіне түсті алыстан жалғыз қарға.
Жүгіріп түлкі соған жетіп келді,
Қарға ағаштың басында мұны көрді.
Тістегені аузында тәтті ірімшік,
Оны көріп түлкі - екең сөйлей берді.
«Қарға батыр, әр сөзің күміс, алтын.
Сырттан халқаң тілейді барша
халқың.
Қарға әніндей әуез жоқ деп.
Осылайшы шығады сыртқа даңқың.
Сандуғаш, бұлбылдарды көріп едім,
Жүзінді бір көруге келіп едім,
Даусыңды бір шығаршы
шаттанайын,
Сырттан асық болғаннан өліп едім».
Басын салып, құйрығын
бұлғаңдатып,
Екі көзін қарғаға қылмаңдатып.
«Қарға тақсыр, көз жасым көріңіз», -
деп,
Жыламсырап сөйлейді
жылмаңдатып.
Масаттанып бұл қарға сілкінеді,
Ішін тартып миықтан бір күледі.
«Арып - ашып алыстан келген
шығар,
Көңілі тынып кетсінші, шіркін», -
деді.
Мақтау сөзге семіріп, судай тасып,
Пәрменінше « қарқ » етті аузын
ашып;
Қарқ еткенде, ірімшік жерге түсіп,
Оны кетті түлкі - екең алды қашып.

Жомарт

*Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл
үстіне ескі-ұсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні
өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:*

– Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен таңнан бір-ақ пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.

Әдеп

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты дейді.

Сонда әкім:

– Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қала-йын ба? – деді дейді.

Тәкәппаршылық

Вениямин Франклин деген даңқты білім иесі, Америка жұртының кісісі, он сегіздегі жас күнінде, Медера деген қаланың бір қарт адамына қонақ болып, шығар уақытта қарт ішкергі бір есіктен шығарып салуға алып келіпті. Франклин бұл кісіге сөйлесе келе жатып, алдында не барын аңғармай, есікке жақындағанда қарт дауыстапты:

– Еңкей, енкей – деп.

Сүйдегенше болмай, есік аласа екен, маңдайшасына Франклин маңдайымен тарс ете түсіпті. Сонда қарт күліп айтты дейді:

– Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар; ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдыңда, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен иіңкіреп жүрсең, мұнанда артық неше соққылардан құтыларсың. Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай, әрдайым айтушы еді:

– Сол қарттың ақылы маған көп пайда болды; және көзіммен көрдім: басын жоғары көтерген тәжәппәрлердің нешеуінін, әлек болғанын – деп.

Салақтық

Кәрім деген мешер өзі жұмысқа тәуір жігіт те болса, жуынып кірсіз көйлек киіп таза жүрумен ісі жоқ еді. Әркім айтушы еді:

– Саған не болды, Кәрім, бойыңнан кіріңді ағызып жүргенше, жуынсаң болмай ма? – деп.

– Қолым тимейді, – деуші еді ол.

Сөйтіп жүріп, тұла бойын шиқан қаптап және қотыр болды. Бұл күйде құрысып-тырысып жатқанында, әркім сұрайды:

– Кәрім, саған не болды? – деп.

Кәрім айтады екен:

– Күнәм үшін құдайдың бір берген сазайы-дағы, – деп.

Оған қарсы таныстары:

– Рас, Кәрім, құдайтағала таза жүрмеген былғаныш кісіні сүймейді, тым болмаса жұмасына бір моншаға түсіп, не болмаса үйінде сабынмен жуынуды әдет етсең, бұл бәлеге душар болмас едің.

Сонымен Кәрімді ауру жататын үйге алып барып, таза жуындырып, таза киім киіндіріп, ем қылған соң, аз ба, көп пе жатып жазылды. Мұнан шыққан соң, Кәрім бір заводқа барып жалданыпты. Өздеріңе де белгілі шығар, заводта нәрсе бояйтын бояулардың қайсысы у болады. Бір күні қожасы Кәрімге бір бояуды былғап қой деп беріпті. Былғап отырып-отырып, кәдімгі үйренген қалыбынша, қолын жумастан барып, тамаққа отырып, нан жепті. Қолындағы бояудың жұғынының бәрі де жеп отырған нанына жабысып отырғанда, бір мезгілде Кәрімнің іші бүрісіп, ауыра бастапты. Әрлі-берлі, олай-бұлай аунақшып, біраз жатып, Кәрім ұзамай-ақ жан тапсырыпты, әлгі бояу у бояу екен.

Жамандыққа жақсылық

Қызылбас патшасынын, Абдулла деген уәзірі бар еді. Соның заманында жұрт бұзылып, бір күн уәзір патшаға келе жатқанда халық қамап: «Дегенімізді істе, істемесең өлтіреміз» деп, ішінде бір батырырағы уәзірді сақалынан алып жұлықты. Уәзір ашу етпеді, бұлардан шыққан соң патшаға барып, жұрттың тілегін беріңіз деп өтініп тілегенін патшадан алып берді және өзінің көрген кемшілігі үшін ешкімге жаза бермеңіз деп оны да тілеп алды. Ертеңіне уәзірге бір саудагер келіп:

Тақсыр, кеше сізді ренжітіп сақалыңыздан жұлыққан кісіні айтайын деп келдім, ол Нағым деген менің көршім еді, алдырып жаза беріңіз, — деді.

Бұл сөзді есіткен соң уәзір саудагерді қайтарып, Нағымды шақыртып алды. Нағым: «Менін кешегі ісімді біреу айтып танытқан екен» деп, қорыққанынан үрейі кетіп, келе-ақ уәзірдің аяғына жызылды. Уәзір Нағымды жерден көтеріп алып айтты дейді:

— Мен сені жазаландыру үшін шақырмадым, бірақ, көршің саудагер жақсы кісі емес екен, сенің білместігіңді маған келіп айтты, екінші рет ол көршіңнен сақтанып жүргендей екенсін, соны айтайын деп шақырып едім, енді аман бол! — деп ішкергі үйіне кіріп кетті дейді.

Өтіріктің залалы

Үш кісі жаланға шығып, күн бойы құс аулап, жалғыздық шүрегей үйрек атып алыпты. Кешке бір жерге келіп отырып сөйлеседі: бұл үйректі үшеуіміз жеп тоймаймыз біреуімізге жөні болмайды деп. Ішінде біреуі қу жігіт екен бұл айтты:

— Оған ақыл табылады. Үйректі пісіріп жауып қоялық та, үшеуіміз де жатып ұйықталық, қайсымыз жақсырақ түс көрсек, үйректі сол жесін, — деді.

Осыған сөз қойысып, үйректі пісіріп жауып, өздері жатып ұйқтағанда, манағы қу тұрды да үйректі жеп алып, табағының үстін әуелгіше жауып қойды. Ертең жолдастарымен бірдей тұрып қу сұрады:

— Не түс көрдіңіздер? — деп.

Біреуі айтты:

— Мен ақбоз атқа мініп, алтын тәж киіп, көкке ұшып жүр екенмін.

Екіншісі айтты:

— Мен ұшпаққа кіріп, хор қыздары маған қызмет етіп жүр екен.

Сонда қу айтты:

— Екеуіңді де рас, мен түсімде сендерге қарап тұрып едім, бірің патша болып көкке ұшып кеткен соң, енді бірің ұшпаққа кіріп кеткен соң, бір шүрегей үйрекке бола қайтып келіп жатар деймісін деп, үйректі мен жеп қойдым, — деді.

Бақша ағаштары

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

— Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? — деп сұрады, баласы.

— Оның себебі, балам, анау ағашты қисық бұтақтары болса, кесіп, бағу-қағумен өсірген. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен, — деді, атасы.

— Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, — деді баласы.

— Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, мұнан сен де өзіңе өсиет алсаң болады. Сен, жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орныға келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің, бағусыз, бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, — деді.

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы

білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

— Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?

Ауру айтты дейді:

— Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

Шеше мен бала

Шешесі қыз баласынан сұрады:

— Берген ақшамды қайда қойдың?

Бала:

— Біреуге бердім.

Шешесі:

— Кімге?

Бала:

— Бір тентек балаға бердім.

Шешесі:

— Мұнан былай тентек болма деп берген шығарсың?

Бала:

— Рас, әже, екінші рет тентек болма дедім. Құс та құдайдың жәндігі ғой, әже?

Шешесі:

— Біз де, құс та, бөтен жан-жануардың бәрі де құдайдың жаратқан жәндігіміз.

Бала:

— Әлгі бала құдайтағаланың жаратқан кішкентай құсын ұстап алып, сатайын деп жүр екен. Құс кісі аярлық болып, шиқылдап тұрды; сонда алып жүрген бала тұмсығын қыса береді, бишара құстың дауысын құдайтағала есітеді деп қорыққан шығар деймін.

Шешесі:

— Онда сен неғылдың?

Бала:

— Мен балаға ақша беріп сатып алып, құсты ұшырып қоя бердім. Менің бұл ісім сауап емес пе?

Шешесі:

Әрине, сауап, бейшараларға қайырымды болғаның.

Бала:

— Ол бала, кім біледі, кем-тарлықтан құсты сатуға жүрген-ау?

Шешесі:

— Мен де солай ойлаймын.

Сонда сөйлеп отырған бала, сіңлісіне қарап:

— Мана ақшамның бәрін бергенім жақсы болған екен, — деді. Сіңлісі шешесіне қарап:

— Апаммен екеуіміз мана бәстесіп едік, ол балаға апам құсыңның бәсі не деп те сұрамай, ақшасының бәрін берді; мен айттым: құстың бәсі не деп сұрау керек еді деп, қайсымыздікі дұрыс?

Шешесі үлкен қызына қарап айтты:

— Сенің де бұл істеген ісіңді дұрыс демеймін. Егер тағы бір манағыдай бала жолықса, ақшаңның бәрін бастапқы балаға беріп қойдың, соңғыға не берер едің?

Үлкен қызы:

— Онда мен тағы да саған келер едім.

Шешесі:

— Егер менде де мал, ақша болмаса қайтер едің?

Бала:

— Онда... — деп, не дерін біле алмады.

Шешесі:

— Көбірек жақсылық етуге шамам келсін десең, әрнәрсеге күтімді болу керек; құстың бәсін сұрап, кемге бермеймін десе, сонда ақшаңның бәрін беру керек еді. Ол құстың өзі не құс екен?

Баласы:

— Мен сұрағаным да жоқ, әже, өзің айтушы емес па ең, жақсылық еткен жаныңның атын да сұрама деп.

Шешесі күліп:

— Солай, солай, шырағым, — деді.

Баласы:

— Әже, сен көрсең еді, құсты қоя бергенімде, әуелі қуанғаннан тіпті ұша алмады; онан соң құсты сатқан баладан уәде алдым, екінші рет ұстама деп.

Шешесі:

— Қызым, жақсы іс етіпсін, мінекей саған тағы да теңге.

Қызы:

— Алла разы болсын, әже.

— Шырағым кызым, әрдайым осындай рақымды бол, саған мұның үшін құдай рақым етер, — деді.

Әке мен бала

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп баласына айтты:

— Анау тағаны, балам, ала жүр, — деп.

Бала әкесіне:

— Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, — деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді. Қаланың шетіне темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң иие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай иие сатып алды. Сонымен, ииені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына қарамай аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір иие жерге түседі. Артында келе жатқан бала

да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып аузына салды. Бітегенеден соң және бір шиі, онан біраз өткен соң және бір шиі, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты.

— Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң — көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең — көптен де құры боласың, — деді.

Байұлы

Байұлы жеті жасар күнінде ел көшіп, көп балалар: біреу тайына, біреу атына мінгенде, бір бала жыламсырап қарап тұрып қалды. Мұны көріп, Байұлы қасына барып:

- Сен неге атыңа мінбейсің? - деді.

Бала қамығып:

- Атым жоқ, көшкенде әжеммен түйеге мінуші едім, - деді.

Сонда Байұлы аттан түсіп жаяу әкесіне барып:

- Мен атқа мінгенде, ер-тоқымымен маған бір жорға тай атап едіңіз, сол тайымды біреуге берсем сіз ұрыспайсыз ба? - деді.

Әкесі:

- Кімге бересің? - деді.

Бала қысылыңқырап тұрып, жаяу жылап тұрған жарлының баласын көрсетті.

Бұған әкесі де түсініп, бетінен сүйіп:

- Тайыңды кімге берсең де ерік өзіңде, - деді.

Сонан соң Байұлы қуанып, тайды ерттетіп, манағы балаға әкеп беріп, қасына ертіп алды да, шауып кеп, көп балаға қосылды. Сол уақытта бір аксақал жақсы кісі қонақ болып жатыр екен, Байұлының әлгі мырзалығын көріп, разы болып, сыртынан бата берді:

- Ей, құдайым, бұл балаға ұзақ жас бер, мал мен бас бер. - деп.

Сол кісінің батасы қабыл болып, ақырында Байұлынан он екі ұл туып, бәрі де асқан бай, руға бас болды. Он екі ата Байұлы деген ру сонан болды деседі.

Бір уыс мақта

Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен, шешесі қасына отырып, ақыл айтты:

- Балам, дүниедегі жаратылған жәндік-жансыздардың ешқайсысының да керексіз болып, жерде қалатыны болмайды, - деп.

Сол сөзді айтып отырғанда, қыз бала киімін жамап болып, жердегі мақтаның қиқымын терезеден лақтырып, далаға тастады:

- Әже, осы қиқымның ешнәрсеге керегі бола қалмас, - деп.

Шешесі:

- Балам, сол да жерде қалмайды,- деді.

Осылайша сөйлесіп, терезеден қарап отырса, манағы мақтаны жел көтеріп ұшырды, мұны бір торғай көріп қуып барып, мақтаны тұмсығына тістеп қана алып, ұшып кетті.

Қыз әжесінен:

- Манағы мақтаның қиқымын бір торғай алып кетті, оны неғылады? - деп сұрады.

Әжесі айтты:

- Көрдің бе, балам, күн айналмай манағы айтқан сөздің келгенін. Ол кішкентай мақтаны торғай ұясына төсеп, жас балапандарына мамық етеді,- деді.

Асыл шөп

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха ахлап-ухлеп шаршадым дел, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Злиха айтты:

- Сен неге мәз болып қуанып келесің, төбеңдегі жәшіктің ауырлығыда менің басымдағыдан кем емес, өзіңде менен күшті емессің?

- Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым деді Бәтима.

- Ай, ондай болса шөбіңнің атын айтышы, менде ауырымды жеңілдетейін - деди Злиха.

- Ол шөп сенің қолыңа түспейме деп қорқамын аты: сабыр деген - деді.

Ізбасты

Қыпшақ Ізбасты би, он жасар күнінде көш үстінде көп адаммен бір тұлкі қуысып, бәрінен бұрын жетіп тұлкіні соғып алды. Артынан келген жасы үлкен кісілер тұлкіңді бізге байла деп еді, Ізбасты бермеді. Қазақшылық әдетте жасы үлкенге мұндай соғып алған тұлкіні байлаушы еді, мынау бала бізге байламайды деп, заманындағы ханына арызға келісіпті. Сонда Ізбасты ханға айтты дейді:

- Ойдан қашты бір тұлкі, тауға қарап демалмай, жабыла құдық кеп кісі, бәрі де қалды ере алмай; сол тұлкіні кім алар, жалғыз жеткен мен алмай; ағайыннан дұшпан жауым жоқ, алдына салып айдап жүр, алтайы тұлкі көре алмай; ұялып, тақсыр, жүрмеңіз, мұның төресін оңдап бере алмай.

Білгеннің пайдасы

Бір қарт ұста күні-түні тынбай іс соғып отырады екен. Оған көрші, заманындағы бір зор бай, Броун дегеннің баласы ойнап жүріп қызыққа күнде ұстаға келіп, іс соққанына қарап тұрады екен. Бір күні ұста мырзаға айтты:

- Төрем, қарап тұрғанша, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші, кім біледі, бір күндерде сол өнердің де керегі болар.

Бала нем кетеді деп, күнде мазаққа шеге соғып жүріп, бірнеше күнде жақсы соғуға үйреніпті. Мұнан соң бірнеше жылдар өткен соң, жұртында қатты жаугершілік басталып, Броунның мал-жаны таланып бітіп, өзі қатын,

баласымен қашып шығыпты. Сонымен, ішерге-жеуге, киюге де кем-тар соғып, бір қалада жүрген уақытта, қаланың әкімі бұйрық шашты: әскерге көп етік керек, жақын жердегі қалалардың сататын мығы таусылды, мық даярласын, деп. Сонда манағы мырзаның мазаққа үйренген өнері есіне түсіп, патшалық етікшілерге хабар салды:

- Егер көп мық-шеге керек болса, мен пәдіретін аламын,- деп.

Етікшілер істеген мығын керіп ұнатқан соң, әскердің етігіне мық істеудің міндетін алып, көп мал тауып, ақыр өміріне дейін кемдік көрмей өтіпті-міс.

Баланың айласы

Бір әлім адам жапанда келе жатып, аяғы астында бір үлкен тасқа сүрініп жығылып, ойлады: бұл тас адамға зиян келтіретін тас екен, жолдан алып тастайын деп. Сол оймен тасты көтеріп еді, астынан бір сандық шықты, сандықты ашып еді, ішінен бір жылан шығып, шағамын деп әлімге ұмтылды, әлім айтты:

- Мен сені қараңғы, тар жерден, тұтқыннан шығардым, жақсылыққа жамандық бар ма?

Жылан айтты:

- Бар.

Әлім айтты:

- Олай болса біреуге жүгінелік, төре саған тисе шағарсың,- деп.

Жылан да бұл сөзге тоқтап, екеуі келе жатып, түйеге жолықты. Түйеге бұлар істерінің мәнісін айтып еді, түйе айтты:

- Жақсылыққа жамандық бар; не үшін десеңіз: мен адамның қанша ауыр жүгін, мүлкін тасып, өмірімше қызмет істесем де, адам қай уақытта шамамнан тысқары жүк артады да, жүре алмасам ұрып-соғып ренжітеді.

Жылан мұны есітіп, әлімнің мойнына бір оралды. Мұнан шығып жеміс ағаштарына келіп жүгінді. Бұл ағаш та айтты:

- Жақсылыққа жамандық бар; не үшін десеңіз: менің жемісіммен қанша адам күн көріп пайдаланып тұрса да, жемісімді жан ауыртпай қолымен алмай, түбімнен қатты орып, жемісімді жерге түсіріп алып жейді, - деді.

Жылан әлімнің мойнына тағы бір оралды. Онан кетіп бір итке жолығысты.

Ит те айтты:

- Жақсылыққа жамандық бар, мен иеме қанша түн-күн ұйықтамай мүлкін, малын, өзін бағып қызмет қылып едім, ақырында мен қартайып аурулы болған соң, таяқтап ұрып мені қуып жіберді,- деді.

Жылан және бір оралып, енді шағамын деді.

Әлім айтты:

- Енді тағы біреуге-ақ жүгінейік, төрелік тағы саған тисе, шаға бер.

Сонан шығып бір топ ойнап жүрген балаларға келді. Ішінде бір бала әлімге сәлем берді. Әлім сәлемін алып, сол балаға істерінің мәнісін айтты.

Бала есітіп болып:

- Әй, ата, бекер сөйлейсің осы қолыңдағы кіп-кішкентай қобдиға мойныңа үш оралған әйдік жылан сыюшы ма еді? – деді.

Сонда жылан да айтты:

- Бұл сөз рас,- деп.

Бала тіпті нанбады, «бұл сөзге көзбен көрмей кісі нанып болмас» деп. Сонда жылан баланы нандыру үшін иіріліп барды да, манағы қобдиға кіріп жатты. Бала сонда тарс еткізіп сандықты жауып бекітті де, Әлімнің қолына берді, «апарып алған орныңызға қойыңыз» деп.

Шығармалары:

1. Алтынсарин Ыбырай, Кел, балалар, оқылық! : өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар / Ы. Алтынсарин. - Алматы : Атамұра, 2006. - 168 б
2. Алтынсарин Ыбырай, Кел, балалар, оқылық! : өлеңдер, жұмбақтар, әңгімелер / Ы. Алтынсарин; ред. Хасенова А. - Алматы : Атамұра, 2014. - 168 б
3. Алтынсарин Ыбырай, Таза бұлақ : өлеңдер,әңгімелер, очеріктер,хаттар. / Ы. Алтынсарин; ред. З. Серікқалиұлы. - Алматы : Раритет, 2008. - 208 б. - (2002)

4. Мерзімді басылымдардағы жариялымдар:

5. Абдрахманова Рсалды, Ыбырай салған сара жол : [ағартушы Ы. Алтынсариннің ізбасарлары жайында] / Р. Абдрахманова//Қостанай таңы. - 2016. - 9 қараша. - Б. 8
6. Абдуллина Ардақ, Ағартушы ұстаздың әдеби еңбектерінің жинағы - "Қазақ хрестоматиясы" : [ағартушы педагог Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығы] / А. Абдуллина//Торғай. - 2016. - 14 қазан. - Б. 3
7. Айқадамова Айтолқын, Мұражай қоры құнды дүниемен толықты / А. Айқадамова//Қостанай таңы. - 2015. - 20 мамыр. - Б. 12
8. Алтынсарин Ыбырай, Өнер-білім бар жұрттар : [ұстаздардың ұстазы атанған ұлы ағартушының өлеңі] / Ы. Алтынсарин//Балдырған. - 2016. - № 8. - Б. 5.
9. Анапин Елтай, Ыбырай дәстүрін жалғастырушылар / Е. Анапин//Арқалық хабары. - 2016. - 14 қазан. - Б. 3
10. Аңсағанқызы Ш., Ыбырай әлеміне саяхат / Ш. Аңсағанқызы//Қостанай таңы. - 2019. – 25 қазан. – Б. 16.
11. Ахметбеков Байбатыр, Шығармалар байқауы : [Ы. Алтынсариннің шығармаларынан көрініс] / Б. Ахметбеков//Қостанай таңы. - 2016. - 15 қараша. - Б. 9
12. Әбенов Оразбек, Тарих қойнауында : [Алтынсарин ауданының құрылғанына 35 жыл] / О. Әбенов//Қостанай таңы. - 2020. – 9 қазан. – Б. 15.

- 13.Әбсадықов Алмас, Ы.Алтынсариннің ағартушылық өнегесі және Ахмет Байтұрсынұлы : [ағартушылық бағытты жүзеге асырған Ы.Алтынсарин туралы] / А. Әбсадықов//Қостанай таңы. - 2009. - 27 қазан. - 4-б.
- 14.Әбіш Дамир, "Инспектор көлі жағасында" : [педагог Ы. Алтынсариннің туған күніне арналған шара : сурет бар] / Д. Әбіш//Қостанай таңы. - 2013. - 16 қыркүйек. - Б. 1, 4.
- 15.Әбіш Дамир, "Инспектор көлі жағасында" : [ағартушы Ы. Алтынсаринге арнап облыстық мұражайының ұйымдастыруымен әдеби іс-шара өтті : суреті бар] / Д. Әбіш//Қостанай таңы. - 2013. - 17 қыркүйек. - Б. 1,3.
- 16.Әмірхамзаұлы Қорған, Қыпшақ Сейтқұл және оның ұрпақтары / Қ. Әмірхамзаұлы//Қазақ. - 2012. - 7 қыркүйек. - Б. 5.
- 17.Бадаққызы Г., Білімге шақырған ұстаз : [Ы. Алтынсарин - 175] / Г. Бадаққызы//Қостанай таңы. - 2016. - 24 маусым. - Б. 5
- 18.Байсарина Раушан, Білім шамшырағы : [Ы. Алтынсаринның туғанына 175 жыл] / Р. Байсарина//Қостанай таңы. - 2016. - 27 шілде. - Б. 12
- 19.Байтикенова А., "Аталар жолымен, ағалар ізімен" : [ағартушы Ы. Алтынсариннің туғанына - 175 жыл] / А. Байтикенова//Қостанай таңы. - 2016. - 5 ақпан. - Б. 5
- 20.Байхонов Серік, Тобыл мен Торғай арасы : [проза] / С. Байхонов//Қостанай таңы. - 2019. – 2 қазан. – Б. 10 ; 8 қазан. – Б. 6 ; 9 қазан. – Б. 11 ; 11 қазан. – Б. 5 ; 16 қазан. – Б. 10 ; 18 қазан. – Б. 12 ; 22 қазан. – Б. 6 ; 23 қазан. – Б. 6 ; 25 қазан. – Б. 7 ; 29 қазан. – Б. 6 ; 30 қазан. – Б. 10.
- 21.Бақыт Мақсат, Аудандағы алғашқы мектеп : [Амангелді ауданы] / М. Бақыт//Аманкелді арайы. - 2018. - 20 сәуір. - Б. 4
- 22.Балтабаева З., Ағартушыға арналған көрме : [Ы. Алтынсарин] / З. Балтабаева//Қостанай таңы. - 2018. - 29 тамыз. - Б. 16
- 23.Бөлекбаева Ж., Алғашқы қазақ мектебі / Ж. Бөлекбаева//Қостанай таңы. - 2019. – 13 қараша. – Б. 6.
- 24.Веденко Валерий, По следам просветителя : [научно-практическая конф., посвященная 175-летию Ы. Алтынсарина] / В. Веденко//Казахстанская правда. - 2016. - 22 октября. - С. 3
- 25.Досжанова Қымбат, Ескерткіштер - ел тарихы / Қ. Досжанова//Қостанай таңы. - 2017. - 7 наурыз. - Б. 3
- 26.Досжанова Қымбат, Мұражайдағы кездесу : [Ы. Алтынсарин атындағы мемориальдық мұражайда ұлы ұстазға арналған іс-шара өтті : суреті бар] / Қ. Досжанова; суретті түсірген А. Жүзбай//Қостанай таңы. - 2013. - 5 ақпан. - Б. 1.
- 27.Досжанова Қымбат, Ыбырай мұрасы мәңгілік : [А. Байтұрсынов ат. Қостанай өңірлік университетінің профессоры Өтеген Исеновпен сұхбат] / Қ. Досжанова//Қостанай таңы. - 2020. – 23 қазан. – Б. 7.
- 28.Досмағамбетова Шынар, Мақсат - ұлт ұстазын ұлықтау : [педагог Ы. Алтынсарин туралы] / Ш. Досмағамбетова//Қостанай таңы. - 2018. - 21 қыркүйек. - Б. 5

29. Досмағамбетова Шынар, Ұлы ағартушы балғындар көзімен : [Ибраһим Алтынсариннің туғанына 175 жыл] / Ш. Досмағамбетова//Қостанай таңы. - 2016. - 19 сәуір. - Б. 6
30. Досмұхамбетұлы Таңатқан, Өнегелі білім ордасы : [Ыбырай Алтынсарин атындағы Торғай орта мектебіне 150 жыл] / Т. Досмұхамбетұлы//Қазақ. - 2014. - 21-28 наурыз. - Б. 11.
31. Ермағанбетов Дархан, Ыбырай Алтынсарин атындағы мұражай ашылды / Д. Ермағанбетов//Арқалық хабары. - 2018. - 2 наурыз. - Б. 3
32. Жақып Қалқаман, Ұстаз және дін : [Ы. Алтынсариннің туғанына - 175 ж.] / Қ. Жақып//Қостанай таңы. - 2016. - 19 қазан. - Б. 6
33. Жәрімбет Нәзира, Оқу-ағарту абызының ақ күмбезі : Ыбырай Алтынсариннің мемориалдық кешені жаңартылды / Н. Жәрімбет//Егемен Қазақстан. - 2017. - 5 қазан. - Б. 6.
34. Жәрімбет Нәзира, Ұстазды ұлықтаған еңбек : [ағартушы Ы. Алтынсарин] / Н. Жәрімбет//Егемен Қазақстан. - 2018. - 2 ақпан. - Б. 7.
35. Жәрімбет Нәзира, Ыбырай су ішкен құдық : ["Омар құдығының" ашылу салтанаты] / Н. Жәрімбет//Егемен Қазақстан. - 2018. - 31 қазан. - Б. 9.
36. Жәрімбетова Нәзира, Алтынсарин мектебі айшықталды : [Ы. Алтынсариннің туғанына 175 жыл] / Н. Жәрімбетова//Егемен Қазақстан. - 2016. - 18 тамыз. - Б. 8
37. Жәрімбетова Нәзира, Алтынсарин отбасы тұтынған төсекқап / Н. Жәрімбетова//Егемен Қазақстан. - 2016. - 19 шілде. - Б. 10
38. Жәрімбетова Нәзира, Тағдыры кермек тау тұлға : [ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің өмірі жайлы ел аузында қалған әңгімелері] / Н. Жәрімбетова; суретте: Ы. Алтынсарин//Қостанай таңы. - 2009. - 29 шілде. - 4 б.
39. Жұмағұлова Жанар, Тарихи тағылымды кездесу : [Ы. Алтынсарин ашқан мектебінің меретойы] / Ж. Жұмағұлова//Қостанай таңы. - 2014. - 26 желтоқсан. - Б. 10
40. Жұмағұлова Жанар, Тарихи тағылымды кездесу : [Ыбырай Алтынсарин атындағы Торғай орта мектептің 150 жылдығы туралы] / Ж. Жұмағұлова//Қостанай таңы. - 2014. - 26 желтоқсан. - Б. 10
41. Жүніс Айымгүл, Ақтөбе сапары: ұлы ұстаз ізімен / А. Жүніс//Қостанай таңы. - 2019. – 25 желтоқсан. – Б. 5.
42. Жүнісұлы Мұрат, Ыбырай дәрісханасы ашылды / М. Жүнісұлы //Қостанай таңы. - 2015. - 18 наурыз. - Б. 1
43. Жүсіпбек Жандос, Ұлы ағартушы құрметіне : [Ыбырай Алтынсаринді еске алуға арналған шара] / Ж. Жүсіпбек//Қостанай таңы. - 2019. – 29 қазан. – Б. 8.
44. Жүсіпбек Жандос, Ұлы ұстазға – еңселі ескерткіш : [ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің ескерткіші ашылды] / Ж. Жүсіпбек//Қостанай таңы. - 2020. – 3 қараша. – Б. 1, 5.
45. Жүсіпбек Жандос, Үш нысанның атауы өзгерді : [Федоров ауданындағы екі мектептің және Қостанай қаласындағы бір көшенің] / Ж. Жүсіпбек//Қостанай таңы. - 2020. – 4 ақпан. – Б. 4.

46. Жылбаев Жанбол, Ағартушы айдыны : [ағартушы Ыбырай Алтынсарин жайында] / Ж. Жылбаев//Егемен Қазақстан. - 2016. - 2 қараша. - Б. 8. - ISSN 1999-9720
47. Кәдірұлы Айбек, Дала қоңырауының сыңғыры : Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин мектебіне 150 жыл толды / А. Кәдірұлы//Қостанай таңы. - 2014. - 31 қазан. - Б. 4.
48. Кенжеғұл Жанболат, Қойылым әртістері - ауыл тұрғындары : [аймақтық көшпелі зерделі кеңес өтті] / Ж. Кенжеғұл//Қостанай таңы. - 2016. - 21 қазан. - Б. 18
49. Көкенакиқызы Әйгерім, Ұрпақ қамы бүгіннен / Ә. Көкенакиқызы//Қостанай таңы. - 2020. - 29 желтоқсан. - Б. 5.
50. Көркейген көше, жаңарған жол / «Қостанай және қостанайлықтар» бетін Қасқырбай Қойшыманов жүргізеді//Қостанай таңы. - 2020. - 21 тамыз. - Б. 2.
51. Қайратұлы Бекен, Ағартушыдан қалған мұра : [Ы. Алтынсариннің мұрасы] ; суретті түсірген Орынбай Балмұрат, "ЕҚ" / Б. Қайратұлы//Егемен Қазақстан. - 2018. - 20 тамыз. - Б. 12.
52. Қайратұлы Бекен, Алтынсариннің ата-тек шежіресі : [жәдігер] / Б. Қайратұлы//Егемен Қазақстан. - 2018. - 2 қазан. - Б. 12.
53. Қайратұлы Бекен, Балғожа бидің хаты : [жәдігер] / Б. Қайратұлы//Егемен Қазақстан. - 2018. - 6 қыркүйек. - Б. 12.
54. Қайратұлы Бекен, Шарифат жайлы шығарма : [Ыбырай Алтынсариннің "Шарият-ұл ислам" кітабы жайлы] / Б. Қайратұлы; суретті түсірген Орынбай Балмұрат "ЕҚ"//Егемен Қазақстан. - 2018. - 21 тамыз. - Б. 12. -
55. Қайырбеков Әділғазы, Алтынсарин мұрасын пайымдау : немесе Сәбит Мұқанов зертеулерінен туған ой / Ә. Қайырбеков//Ана тілі. - 2016. - 11 - 17 тамыз. - Б. 3
56. Қайырбеков Ғафу, Ыбырай Алтынсарин : (Ой-толғау) / Ғ. Қайырбеков//Мәдени мұра. - 2012. - № 5. - қыркүйек-қазан. - Б. 46-50
57. Қалқаман Жақып, "Инспектор көлі" : немесе Ыбырай Алтынсаринге қатысты деректер / Ж. Қалқаман//Қостанай таңы. - 2013. - 30 қазан. - Б. 7.
58. Қаһарман ақын-ана : Бүгін Қазақстанның Халық жазушысы Мәриям Хакімжанованың туғанына 110 жыл толды : [ақынның ағартушы Ы. Алтынсариннің 150 жылдық мерейтойына келгенде айтқан әңгімесі] / Бас редактор//Қостанай таңы. - 2016. - 15 қараша. - Б. 5
59. Қибаш Әсел, Тарихи нысан ашылды : [Алтынсарин ауд. "Омар құдығы" киелі жері] / Ә. Қибаш//Қостанай таңы. - 2018. - 2 қараша. - Б. 3.
60. Қойшығара Салғараұлы, жазушы, ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты: Бәріміз бір қазақтың баласымыз : [сұхбат] / сұхбаттасқан Азамат Есенжол//Қостанай таңы. - 2019. - 30 сәуір. - Б. 8-9.
61. Қойшыманов Қасқырбай, Қазан қаласындағы құжаттар қайтарыла ма? / Қ. Қойшыманов; суретті түсірген Айбек Жүзбай//Қостанай таңы. - 2016. - 7 қазан. - Б. 6

62. Қойшыманов Қасқырбай, Медицинаның Ыбырайы : Атақты дәрігер Мұхамеджан Қарабаев туралы сөз / Қ. Қойшыманов//Қостанай таңы. - 2019. – 19 маусым. – Б. 6.
63. Қойшыманов Қасқырбай, "Үміт еткен көзімнің нұры - балам..." : [шара] / Қ. Қойшыманов//Қостанай таңы. - 2017. - 3 қараша. - Б. 1
64. Қойшыұлы Ғайыпназар, Тарихы терең Торғайым.. : [Торғай өңіріндегі қазақ мектептерінің қарашаңырағы атанған білім ордасы туралы] / Ғ. Қойшыұлы//Қостанай таңы. - 2014. - 7 ақпан. - Б. 7.
65. Қоңқабай Шұға, Ұрпағымен мың жасаған ұстаз : [ұстаз Ы. Алтынсариннің туған күніне орай онлайн-дөңгелек үстел өтті] / Ш. Қоңқабай//Қостанай таңы. - 2020. – 23 қазан. – Б. 3.
66. Қоңыратбай Тана, Ыбырай ұрпақтарымен қауышқанда туған ойлар.. : [қазақтан тұңғыш шыққан жарық жұлдыз Ыбырай Алтынсарин туралы] / Т. Қоңыратбай//Қостанай таңы. - 2008. - 2 желтоқсан. - 4 б.
67. Қуандықұлы Хамитбек, Тарихи ақиқат бұрмаланбағаны абзал : [білім беру ісінің тарихы] / Х. Қуандықұлы//Аманкелді арайы. - 2018. - 18 мамыр. - Б. 5, 7
68. Қуанова Роза, Бір жәдігердің тарихы : [ұстаз Төлеген Иманғазыұлы Имағазиевтің фотосуреті] / Р. Қуанова//Қостанай таңы. - 2019. – 28 тамыз. – Б. 20.
69. Қуанышбаев Сейітбек, Тұғырымыз - тәуелсіздік / С. Қуанышбаев//Қостанай таңы. - 2016. - 8 қараша. - Б. 5
70. Қуат Баймырзаев: Педагогтік тәрбиенің ең құндысы - адамгершілік : [ғалыммен сұхбат] / әңгімелескен Нұрболат Мешітбаев ; суреттерді түсірген Айбек Жүзбай//Қостанай таңы. - 2015. - 16 қаңтар. - Б. 5
71. Құлабай Нұрқанат, Тұрғын үйлерде тарихи тұлғалар : [Қостанай қаласында көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларына Әбу Насыр әл-Фараби, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Сұлтан Баймағамбетов сияқты тарихи тұлғалардың алып бейнелері іліне бастады] / Н. Құлабай//EGEMEN QAZAQSTAN. - 2020. – 19 тамыз. – Б. 12.
72. Құлабай Нұрқанат, Ұлы ағартушының ұрпақтары бас қосты : [Қостанайда ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің туған күніне арналған «Біз болмасақ, сіз барсыз» атты онлайн-дөңгелек үстел отырысы өтті] / Н. Құлабай//EGEMEN QAZAQSTAN. - 2020. – 22 қазан. – Б. 16.
73. Құлабай Нұрқанат, Ыбырай Алтынсарин ескерткіші ашылды : [Қостанай қ. орталығында, Ы. Алтынсарин мен Л. Толстой көшелерінің қилысындағы ашық алаңда ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин ескерткіші ашылды] / Н. Құлабай//EGEMEN QAZAQSTAN. - 2020. – 5 қараша. – Б. 8.
- Құлмағамбетова Ботакөз, Ұлы ұстаз рухы асқақтады : [Торғай өңіріндегі қазақ мектептерінің қарашаңырағы атанған білім ордасы туралы] / Б. Құлмағамбетова//Аманкелді арайы. - 2014. - 31 қазан. - Б. 2.
74. Құрманкина Асима, Қайта оралған құжаттар : [архив деректері] / А. Құрманкина//Қостанай таңы. - 2019. - 19 наурыз. - Б. 5.
75. Мақсат Бақыт, Аудандағы алғашқы мектеп : [Аманкелді ауданы] / Б. Мақсат//Қостанай таңы. - 2018. - 25 сәуір. - Б. 5

- 76.Манкеш Ақсәуле, Ыбырай қазақ жазба әдебиеті тарихында балалар әдебиетінің негізін салушы дара тұлға болды : (Ыбырай шығармашылығы) / А. Манкеш; сұхбаттасқан Құралай Мұратқызы//Аңыз адам. - 2013. - № 17. - Б. 29
- 77.Мәдібай Қанипаш, "Үміт еткен көзімнің нұры балам..." : [ағартушы Ы. Алтынсарин туралы / Қ. Мәдібай//Қазақ әдебиеті. - 2009. - 31 шілде. - 6 б.
- 78.Меңдібай Сәлім, "Алтын қалам" иесі-Ақылбек Шаяхмет : [Алматыда республикалық "Алтын қалам" тәуелсіз әдеби мұрасы өтті] / С. Меңдібай//Қостанай таңы. - 2014. - 16 қыркүйек. - Б. 2.
- 79.Мешітбаев Нұрболат, Баба рухына құрмет : [Ы. Алтынсариннің туғанына - 175 ж.] / Н. Мешітбаев//Қостанай таңы. - 2016. - 5 тамыз. - Б. 8
- 80.Мешітбаев Нұрболат, Ұлы ұстазды ұлықтау : [Қостанайда Ыбырай Алтынсарин дәрісханасы ашылып, жаңа айтаптың тұсаукесері өтті : суреттер бар] / Н. Мешітбаев//Қостанай таңы. - 2014. - 13 мамыр. - Б. 6.
- 81.Мешітбаев Нұрболат, Ыбырайдың жүріп өткен жолымен : [Ыбырай Алтынсариннің туғанына - 175 жыл] / Н. Мешітбаев//Қостанай таңы. - 2016. - 18 мамыр. - Б. 3
- 82.Мырзағалиева Күлзада, Жан біткеннің жанашыры : [педагог Ы. Алтынсарин туралы] / К. Мырзағалиева//Қостанай таңы. - 2016. - 11 наурыз. - Б. 6
- 83.Ниязбекұлы Байбатыр, Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин мектебіне 150 жыл : [қазақ ұлтының сауатын ашу үшін зор қызмет еткен ұстаз-Ы.Алтынсариннің еңбегі туралы] / Б. Ниязбекұлы//Қостанай таңы. - 2014. - 14 қаңтар. - Б. 1-2.
- 84.Нұржанова Раушан, Үштілділік - заман талабы / Р. Нұржанова//Қостанай таңы. - 2016. - 4 мамыр. - Б. 7
- 85.Олар да бала болған.. : [Ыбырай Алтынсарин өмірі туралы суреті бар]//Хан талапай. - 2014. - № 3 - 4 наурыз. -33 б.
- 86.Омарова Рахима, Ы.Алтынсарин және Ырғыз кітапханасы : [ағартушы Ы. Алтынсариннің тұңғыш кітахананы ашуы туралы] / Р. Омарова//Мәдениет. - 2013. - № 11, қараша. - 24-25 б.
- 87.Орманов Қ., ИСЛАМ және ЫБЫРАЙ / Қ. Орманов//Қостанай таңы. - 2017. - 1 ақпан. - Б. 8 ; 3 ақпан. - Б. 6 ; 7 ақпан. - Б. 6
- 88.Оспанов Серікбай, Өлең тағдыры немесе Ыбырай мен Күдері : Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл / С. Оспанов//Қостанай таңы. - 2016. - 24 мамыр. - Б. 10
- 89.Оспанов Сұлтанғали, Ыбырай мектебінің түлегімін : [Торғай өңіріндегі қазақ мектептерінің қарашаңырағы атанған білім ордасы туралы] / С. Оспанов//Қостанай таңы. - 2014. - 8 сәуір. - Б. 8.
- 90.Оспанұлы С., Ы. Алтынсарин мен И. Гаспринский : [өміріндегі ұқсастықтар] / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2018. - 26 қаңтар. - Б. 9
- 91.Оспанұлы Серікбай, Алтынсарин мен Н. И. Ильминский / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2018. - 17 қаңтар. - Б. 6
- 92.Оспанұлы Серікбай, Алыстағы ағайындар және Алтынсарин / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2019. – 18 маусым. – Б. 5.

- 93.Оспанұлы Серікбай, Әсет Ламашев және Арқалықтағы Ыбрай музейі / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2016. - 27 қаңтар. - Б. 8
- 94.Оспанұлы Серікбай, Жанашырлық : [хат жайлы] / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2017. - 4 шілде. - Б. 6
- 95.Оспанұлы Серікбай, Инспектор көліне барғанда : [Ыбырай Алтынсарин кесенесі және өмір тарихы туралы - атасы мен баласының әңгімесі] / С. Оспанұлы//Балдырған. - 2016. - № 8. - Б. 6 - 9
- 96.Оспанұлы Серікбай, «Кел балалар, оқылық!» : [өлең] / С. Оспанұлы, К. Мырзағалиева//Қостанай таңы. - 2019. – 11 қыркүйек. – Б. 9.
- 97.Оспанұлы Серікбай, Қазақтың қос алыбы бірін-бірі білген бе? : [ұлы ағартушылар А. Құнанбаев пен Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы жайлы : суреті бар] / С. Оспанұлы//Қазақ. - 2014. - 17-31 қаңтар. - Б. 4.
- 98.Оспанұлы Серікбай, Орынбордағы оқу : [Ыбырай Алтынсариннің туғанына - 175 жыл] / С. Оспанұлы//Ақ желкен. - 2016. - № 10. - Б. 43 - 44
- 99.Оспанұлы Серікбай, Отыншы ақын / С. Оспанұлы, К. Мырзағалиева//Қостанай таңы. - 2020. – 12 ақпан. – Б. 8.
- 100.Оспанұлы Серікбай, Өлең тағдыры немесе Ыбырай мен Күдері : [Ы. Алтынсариннің туғанына - 175 ж.] / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2016. - 24 амыр. - Б. 10, 12 ; 27 мамыр. - Б. 7
- 101.Оспанұлы Серікбай, Рухани жаңғыру хақында / Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2019. – 27 тамыз. – Б. 5.
100. Оспанұлы Серікбай, Тобыл-Торғай тұлғалары – шетелдіктер көзімен / С. Оспанұлы, К. Мырзағалиева//Қостанай таңы. - 2019. – 11 желтоқсан. – Б. 6.
101. Оспанұлы Серікбай, Үндестік сыры : [үш алып Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев және А. Байтұрсыновтың заңға деген көзқарастары] / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2017. - 14 ақпан. - Б. 6
- 102.Оспанұлы Серікбай, Ы.Алтынсарин және "Оренбургский листок" газеті : [Орынбор өлкесіндегі алғашқы мемлекеттік баспахана және ұлы ағартушы туралы : суреті бар] / С. Оспанұлы//Мәдени мұра. - 2010. - № 5, қазан-қараша. - 32-35 б.
- 103.Оспанұлы Серікбай, Ыбрайтану негіздері / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2016. - 3 ақпан. - Б. 12
- 104.Оспанұлы Серікбай, Ыбырай Алтынсарин : хаттарын қайта оқығанда : [ағартушылық және дінге қарсы қызметі] / С. Оспанұлы//Егемен Қазақстан. - 2016. - 11 наурыз. - Б. 11.
- 105.Оспанұлы Серікбай, Ыбырай Алтынсарин және тәжік-парсы әдебиеті : [ұлы ұстазымыз Ыбырай Алтынсариннің тәжік-парсы әдебиетімен байланысы туралы] / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2014. - 28 наурыз. - Б. 10.
- 106.Оспанұлы Серікбай, Ыбырай Алтынсариннің ақындық ортасы / С. Оспанұлы//Қазақ. - 2012. - 7 желтоқсан. - Б. 7.

107. Оспанұлы Серікбай, Ыбырай Орынбор бекінісінде : [ағартушы Ы. Алтынсарин] / С. Оспанұлы, К. Мырзағалиева//Қостанай таңы. - 2019. - 4 қаңтар. - Б. 6.
108. Оспанұлы Серікбай, Ыбырайтану негіздері : [Ыбырай Алтынсарин туралы] / С. Оспанұлы//Қостанай таңы. - 2016. - 3 ақпан. - Б. 12
109. Оспанұлы, С., Ыбырай кесенесі : [өлең; туған жердің тынысы] / С. Оспанұлы//Балдырған. - 2017. - № 9. - Б. 16-17.
110. Өтегенова Г., Жәдігер заттарымен танысты : [ағартушы-педагог Ы. Алтынсаринге - 175 жыл] / Г. Өтегенова , А. Исмаилова//Қостанай таңы. - 2016. - 30 қараша. - Б. 24
111. Райысов Мақсұт, Ыбырай : [өлең : ағартушы-педагог Ы. Алтынсаринға арналған] / М. Райысов//Қостанай таңы. - 2020. – 13 қараша. – Б. 8.
112. Сағитова Гүлназым, Даланың дара ұстазы : [Ыбырай Алтынсарин мектебінің 150 жылдығы] / Г. Сағитова//Қостанай таңы. - 2014. - 23 желтоқсан. - Б. 3
113. Сағитова Гүлназым, Жәдігерлер ұрпаққа үлгі / Г. Сағитова; суретті түсірген Айбек Жүзбай//Қостанай таңы. - 2017. - 7 ақпан. - Б. 1, 4
114. Сағитова Гүлназым, "Кел, балалар, оқылық" : [Ы. Алтынсарин - 175] / Г. Сағитова; суретті түсірген Айбек Жүзбай//Қостанай таңы. - 2016. - 26 қазан. - Б. 1, 8
115. Сағитова Гүлназым, Ұстазға арналды : [Ыбырай Алтынсариннің туғанына - 175 жыл] / Г. Сағитова//Қостанай таңы. - 2016. - 18 мамыр. - Б. 4
116. Сағитова Гүлназым, "Шырағын жаққан білімнің" : [кітапханалық шара] / Г. Сағитова//Қостанай таңы. - 2016. - 15 қараша. - Б. 9
117. Сағитова Гүлназым, "Ы. Алтынсарин - ұлы ағартушы" : Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл / Г. Сағитова//Қостанай таңы. - 2016. - 24 мамыр. - Б. 10
118. Сағитова Гүлназым, Ыбырай тағылымы : [ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің 172 жылдық мерейтойы қарсаңында] / Г. Сағитова//Қостанай таңы. - 2013. - 29 қазан. - Б. 3.
119. Салмағанбетова Ақтоты, Кел, балалар оқылық!!! : [мектептегі іс-шара] / А. Салмағанбетова//Қостанай таңы. - 2020. – 20 қазан. – Б. 7.
120. Самратов Төлеген, Қайран да қайран, Омбы жұрт.. : [Омбы қаласынан өмір жолдарын өткізген қазақтың зиялылары туралы] / Т. Самратов//Қазақ әдебиеті. - 2011. - 30 желтоқсан. - Б. 15.
121. Серікқызы Бұлбұлханым, "Даланың дара ұстазы" : [Ы. Алтынсарин - 175] / Б. Серікқызы//Қостанай таңы. - 2016. - 24 тамыз. - Б. 12
122. Смайылова Гүлбаршын, Елдік пен ерлікті ту еткен ақынға тағзым : [ақын, композитор Нұржан Наушабеватың туғанына - 160 жыл толу қарсаңында] / Г. Смайылова; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев//Аманкелді арайы. - 2019. - 22 ақпан. - Б. 2.
123. Сүйінкина Пиалаш, Ағартушының білім саласындағы еңбегі : [Ы. Алтынсариннің туғанына - 175 ж.] / П. Сүйінкина//Қостанай таңы. - 2016. - 19 шілде. - Б. 7

124. Сүйінкина Пиалаш, Ұлтжандылық пен адамгершілік - рухани тәрбиенің жемісі : [Жолдау жолдарынан] / П. Сүйінкина//Қостанай таңы. - 2017. - 21 ақпан. - Б. 5
125. Сүйінкина Пиалаш, Ұлылар тағылымындағы ұлт мұраты / П. Сүйінкина//Егемен Қазақстан. - 2018. - 16 наурыз. - Б. 7. Сүйінкина Пиалаш, Ы. Алтынсарин хаттары- баға жетпес қазына : [жастарды оқуға үндеген ағартушы Ы. Алтынсарин туралы] / П. Сүйінкина; - ҚР білім озаты, оқытушы//Қостанай таңы. - 2009. - 9 қыркүйек. - 7 б.
126. Сүйінкина Пиалаш, Ыбырайдың лайықты ізбасары : [колледж директоры Досмағұл Есләмұлы Сүймеков туралы] / П. Сүйінкина//Қостанай таңы. - 2015. - 30 маусым. - Б. 8
127. Тәуекенов Қоңыртау, Ұлы ағартушы : [ұлы ұстаз Ы. Алтынсариннің 150 жылдық мерейтойы туралы] / Қ. Тәуекенов//Тың шұғыласы. - 1991. -13 қазан. 4 б.
128. Төтин Бірмағамбет, Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин шығармаларындағы қоғамдық - демократиялық ойлар / Б. Төтин//Жас өркен- Қостанай. - 2016. - № 4. - Б. 23
129. Төкенқызы Назгүл, Исламға алғашқы жетелеген ұстаз : Ыбрай Алтынсариннің туғанына - 175 жыл / Н. Төкенқызы//Қостанай таңы. - 2016. - 1 сәуір. - Б. 6
130. Тұлғалар туралы туынды : [библиографиялық құрал] / [газ. ред.]/Қостанай таңы. - 2016. - 15 наурыз. - Б. 4
131. Тұрағұлова Балжұма, «Даланың дара ұстазы – Ыбырай Алтынсарин» : [іс-шара] / Б. Тұрағұлова//Қостанай таңы. - 2019. – 15 қазан. – Б. 16.
132. Тұрғынбаева Ботагүл, Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы - "Қазақ хрестоматиясын" жазды : (Ағартушылық жолы) / Б. Тұрғынбаева//Аңыз адам. - 2013. - № 17. - Б. 10 - 12
133. Түркешов Нұржан, Ұлы ұстаздың ұстанымы : [Ы. Алтынсарин] / Н. Түркешов//Қостанай-АГРО. - 2020. – 8 қазан. – Б. 16.
134. Ұлы ағартушыға тағзым : [Ы. Алтынсарин туғанына - 175 ж.] / суретті түсірген А. Жүзбай//Қостанай таңы. - 2016. - 16 тамыз. - Б. 4
135. Ұстазға құрмет : [ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің ескерткіші ашылды] / бетті дайындаған Маржан Алпыс//Қостанай-АГРО. - 2020. – 5 қараша. – Б. 16.
136. Хакімжанқызы М., Ыбырай ата : [өлең] / М. Хакімжанқызы//Қостанай таңы. - 2016. - 15 қараша. - Б. 5
137. Шайман Серік, Ұлттың ұлы ұстазы : [ағартушы ұстаз Ы. Алтынсариннің 170 жылдық мерейтойы қарсаңында] / С. Шайман; суретте: ұстаз Ы. Алтынсарин//Қазақ. - 2011. - 9- 16 желтоқсан. - 2 б.
138. Шаяхмет Ақылбек, "Ауылын қарап азаматын таны" : [Қостанай облысының тарихи тұлғалары] / А. Шаяхмет//Қостанай таңы. - 2017. - 10 қараша. - Б. 8-9
139. Шаяхмет Ақылбек, [Бісімілла, рахман-рахим! Қостанайым киелі] : [өлең : қостанайлық атақты тұлғаларға арнау] / А. Шаяхмет//Қостанай таңы. -

("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). - 2018. - 26 қаңтар. - Б. 12

140. Шаяхмет Ақылбек, "Қазақ" газеті-ұлт ұйтқысы : [Қазақ газетінің шығуына ұйтқы болған ұлт зиялылары туралы естелік] / А. Шаяхмет//Қазақ. - 2013. - 2-8 ақпан. - Б. 10-11.
141. Шаяхмет Ақылбек, Қазақтың бас батыры Қобыланды / А. Шаяхмет; жобаның жетекшісі Сәлім Меңдібай ; кеңесшілері: Қалқаман Жақып, Қыдырбек Қиысқан, Қабылахат Сейдахмет//Қостанай таңы. - ("Зерде" тарихи-танымдық қосымшасы). - 2013. - 11 қазан. - Б. 7
142. Ыбырай Алтынсарин, Сөз басы : (Қазақ хрестоматиясын құрастыру жөнінде) / А. Ыбырай//Аңыз адам. - 2013. - № 17. - Б. 24
143. Ыбырай Әлібек, Азаматты ісінен таны : [мемлекеттік қызметкер Қайрат Ахметов туралы] / Ә. Ыбырай; суретті түсірген Б. Ахметбеков//Қостанай таңы. - 2017. - 29 қыркүйек. - Б. 7
144. Ыбырай Әлібек, Ескеркіш – елдіктің белгісі : [ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсаринге ескерткіш орнату] / Ә. Ыбырай//Қостанай таңы. - 2020. – 21 қазан. – Б. 1, 4.
145. Ыбырай мен Нұржан : [ағартушы Ы. Алтынсарин мен ақын Н. Наушабаев достығы туралы әңгіме] / [газ. ред.]/Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). - 2017. - 29 желтоқсан. - Б. 13
146. Ісімақова Айгүл, Ыбырай Алтынсарыұлының өлеңдері - асыл сөзбен жазылған мұсылмандықтың тұтқасы : (Ыбырай шығармашылығы) / А. Ісімақова; сұхбаттасқан Руслан Бақытжан//Аңыз адам. - 2013. - № 17. - Б. 31 - 32






Торғайдан ашылған алғашқы мектеп



*Қостанайдан ашылған
орыс-қазақ мектебі*



Ыбырай Алтынсариннің алғашқы мектебі



В числе заслуг просветителя помимо собственного литературного творчества – составление хрестоматий на родном языке, которые назывались «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» и «Киргизская хрестоматия» (1879 г.). В этих книгах использовался новый казахский алфавит, созданный на основе русской графики.

Ы.Алтынсариннің хрестоматия кітабы



Ыбырай Алтынсарин оқушыларымен бірге



Ыбырай Алтынсариннің әйелі Айганым және балалары



*Ыбырай Алтынсариннің
Қостанайдағы бұрынғы
Николаевский уезінде сақталып
қалған кесенесі*




*Қостанай қаласындағы
Ыбырай Алтынсарин ескерткіші*



Қостанай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин музейі



Ыбырай Алтынсариннің оқушыларымен бірге (макет)



Ыбырай Алтынсарин мұражайы

Мазмұны

1. Ұлы ағартушы ұстаз Ы. Алтынсарин.....	2
2. Ұлттың ұлы ұстазы.....	3-8
3. Ұлы ұстаз жаққан шамшырақ.....	8-12
4. Ұлы ағартушының қызметі.....	12-15
5. Ы. Алтынсариннің шығармалары.....	15-16
6. Ыбырай Алтынсариннің оқулықтары.....	16
7. «Қазақ хрестоматиясының» дүниеге келуі.....	17-18
8. Ыбырай- жазушы.....	18
9. Ыбырай -ғалым, этнограф.....	18-19
10. Ақылбек Шаяхметов	
11. Алтынсарин қазақтың жарық шамы (өлең).....	20
12. Ы. Алтынсариннің өлеңдері мен	
13. әңгімелерінен үзінді.....	21-34
14. Шығармалары	34-43
15. Фотосуреттер.....	43-48

*Кітапхананың мекен- жайы :
101200,
Қостанай облысы, Амангелді ауданы
Дүйсенбин көшесі, 38
Тел.8(71440)21-3-99,21-7-70
Aman.kitaphana@mail.ru*

*Құрастырушы: А.К.Аубакирова
Компьютерлік терілім: А.К.Аубакирова
Редактор: Ж.Б.Бірмағамбетова
04.02.2020
Таралым 3*